

Береке, байлық — бірлікте!

ҰЛЫТАУ Өңірі

№7 (5978) Сенбі, 14 ақпан, 2015 жыл

Газет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады

ҚАЗАҚСТАН — ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

Мұхтар ДӘУІТОВ

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылына арналған Қазақстан халқының I-форумында жариялады. Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылы 1 наурызда Президентіміздің Жарлығымен Мемлекет басшысы жанындағы қоғамдық келісім, үйлестіруші орган боп құрылған. Қазақстан Ассамблеясы құрылған кезде «Осындай құрылымның қажеті не? Әсіресе, қазағы қалың өңірлерде керегі қанша? деген сындар да айтылған болатын.



ХАЛЫҚ АЛҒЫСЫ ШЕКСІЗ

Иә, апат айтып келмейді. Әсіресе, қақаған қыс кезінде мұндай жағдайдың халыққа оңай тимесі хақ. Газетті ашып қалсаң, теледидар түймесін басып қалсаң жұмыр жердегі небір апаттық жағдайларды көріп, көңіліңіз құлазып қалатыны да шындық қой. Жуырда биыл осындай Байқоңыр елді мекенінде де орын алып, халық уақытша жарықсыз, сусыз қалып, ел дағдарып қалып еді. Аудан әкімінің шұғыл да оңтайлы шешім қабылдап, бұл жұмысты тікелей өз бақылауына алуы да авариялық жағдаймен күресіп жатқан аудандық коммуналдық кәсіпорын мекемесімен село әкімдеріне үлкен жауапкершілікпен сезініп, жұмыс атқаруына оң ықпал еткендігін айта кеткен ләзім. Қазақта бір сөз бар ғой. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді. Байқоңырлық іргелес жатқан Қарақұм елді мекенінің әкімі Хамзат Абдоллаұлы осы іске үлкен жауапкершілікпен қарап, қыс қысып тұрған қысылтаяң сәтте Қарақұмнан Байқоңырға дейін техника тауып, трансформаторды жеткізіп беруін үлкен азаматтық деп тануға әбден болатын тәрізді.

Міне, елім деген азаматтар болса осындай болсын. Ал, аудандық коммуналдық шаруашылық мекемесі мамандарының тыным таппай жұмыла жұмыс істеуін ел-халық өз көздерімен көрді ғой. Әсіресе, осы аудандық коммуналдық мекеме мамандары Дмитрий Фаст, Ғабдүмәлік Бірмағанбетов, Мәди Әбдікәрімов, Арыстанбай Төлешев секілді азаматтардың ерлікке пара-пар жұмыс атқарғандығы көңілге қуаныш ұялатады.

Иә, шынайылық, шындыққа келгенде де айтуға оңай. Ал авариялық жағдайды орнына келтіру қаншалықты қиын екендігі де белгілі. Дей тұрсақта, бәрі орнына келіп халық жарықпен де, сумен де қамтамасыз етілді. Үлкендер батасын беріп жатыр. «Батаменен ел көгерер» деген де осы болса керек.

Ғ. ДӘУІТБАЕВ,
аудандық коммуналдық шаруашылығы
мекемесі директорының орынбасары.

Уақыттың өзі — емші. Арада көп уақыттар өтпей жатып Елбасымыздың көрегендігін айғақтап берді. Қазіргі кездері Ассамблеяның атқарып отырған рөлін ешкім жоққа шығара алмайды. Қоғамымызда бұл жайында толығымен түсіністік қалыптасқаны соншалық кейінгі жылдары бізге талай мемлекеттің делегациялары келіп, еліміздегі этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтауда жинақтаған тәжірибемізбен қызыға танысқаны соның айғағы. Жиырма жылдық тарихында Ассамблея қарқынды дамып, аталмыш бастама мәдениаралық диалогты нығайтудың әлемдік кеңістіктегі тың бағыт боп табылды.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық мерекесіне орай, Қарсақбай кентіндегі орталық кітапханада «Қазақстан халық Ассамблеясына — 20 жыл» тақырыбында дөңгелек үстел аясындағы отырыс ұйымдастырылған болатын. Осы іс-шараға «Ұлытау ауданы жастармен жұмыс жасау орталығына» қарасты Қарсақбай кентіндегі бас маман А.Тохметова Ж.Жабаев атындағы орта мектебінің орыс сыныптарына дәріс беретін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі осы мектептің және Агротехникалық колледждегі өзге ұлт өкілдерінің оқушылары қатысты. Бұл күндері Қарсақбай

кентінде лезгин, татар, орыс, неміс ұлтының өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр.

Дөңгелек үстел барысында кітапхана меңгерушісі Ассамблея жайында ауқымды баяндама жасап, өзге ұлт өкілдері өз ұлттарының салт-дәстүрлері туралы, ұлттық киімдері жайлы қызықты әңгімелеп берді. Лезгин қызы Т.Молчанова, неміс ұлтынан С.Комов пен И.Шмид, орыс ұлы өкілдерінен А.Побединский, Т.Власовалар қазақ жерінде туып-өскендерін мақтан тұтатындығын айтып, қазақтың тілі, діні, дәстүр-ғұрыптары жат еместігін шешіле сөз етті. Бүгіндері Республикамызда Қазақстан этностарының мәдениеті, тілі ұлттық дәстүрлерінің дамуына ерекше жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктердің де саны тұрақты түрде өсе түсуде. Жыл сайын айналып оралатын халықтық мерекелер наурыз, мамыр, масленица, сабан тойларды барша ұлт боп тойлады дүстүрге айналдырған. Кентімізде тұрып жатқан түрлі ұлт пен ұлыстар қарашаңырақ Қарсақбайды — ортақ үйіміз, — деп санайды.

Жансұлу ҚАНАТҚЫЗЫ,
кітапханашы.
ҚАРСАҚБАЙ кенті.

Аудандық коммуналдық мүлкікті мүлкіктік жалғауға (жалға алуға) беру кезінде жалғау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы №88 «Мемлекеттік мүлкікті мүлкіктік жалғауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысы және Қарағанды облысының әкімдігінің 2014 жылғы 8 қазандағы №54/05 қаулысына сәйкес Ұлытау ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған аудандық коммуналдық мүлкікті мүлкіктік жалғауға (жалға алуға) беру кезінде жалғау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары бекітілсін.
2. «Ұлытау ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпке сәйкес осы қаулыдан туындайтын қажетті іс-шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Аманжол Батырбекұлы Мырзабековке** жүктелсін.
4. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Х.ОМАРОВ

Аудандық коммуналдық мүлкікті мүлкіктік жалғауға (жалға алуға) беру кезінде жалғау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары

1. Осы аудандық коммуналдық мүлкікті мүлкіктік жалғауға (жалға алуға) беру кезінде жалғау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы №88 «Мемлекеттік мүлкікті мүлкіктік жалғауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлкікті мүлкіктік жалғауға (жалға алуға) беру қағидаларының 50- тармағына сәйкес әзірленді және аудандық коммуналдық мүлкікті мүлкіктік жалғауға (жалға алуға) беру кезінде жалғау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін айқындайды.

2. Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мүлкіктік жалғауға (жалға алуға) беру кезінде жылдық жалғау ақысын есептеу осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес құрылыс үлгісі, тұрғын нмесе үй-жайдың түрі, инженерлік коммуникациялардың бар болуы, аумақтық орналасуы, жалдаушының қызмет түрі, жалдаушының ұйымдық-құқықтық нысаны ескерілетін қолданылатын базалық мөлшерлемесі мен коэффициенттердің мөлшерлері негізінде анықталып, мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$A_p = P_{бс} \times S \times K_t \times K_v \times K_{ик} \times K_p \times K_{вд} \times K_{опф}$, мұнда:

A_p – жылына аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансында тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін мүлкіктік жалғау ақысының мөлшерлемесі;

$P_{бс}$ – 1 шаршы метрге жылына теңге жалғау ақысының базалық мөлшерлемесі;

S – жалға алынатын алаң, шаршы метр;

K_t – құрылыс үлгісін ескеретін коэффициент;

K_v – тұрғын емес үй-жайдың түрін ескеретін коэффициент;

$K_{ик}$ – инженерлік коммуникациялардың бар болуын ескеретін коэффициент;

K_p – аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент;

$K_{вд}$ – жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент;

$K_{опф}$ – жалдаушының ұйымдық – құқықтық нысанын ескеретін коэффициент.

3. Жабдықтарды, автокөлік құралдарын және өзге де тұтынылмайтын заттарды мүлкіктік жалғауға (жалға алуға) беру кезінде жылдық жалғау ақысының есеп айырысуы мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$A_p = C \times N_{ам} / 100 \times K_n$. мұнда:

A_p – жылына жабдықтар, көлік құралдары және өзге де тұтынылмайтын заттар үшін жалғау ақысының мөлшерлемесі;

C – бухгалтерлік есеп деректері бойынша жабдықтардың қалдық құны.

100 пайыз тозуы есептелген жабдықтарды, көлік құралдарын және өзге де тұтынылмайтын заттарды мүлкіктік жалға (жалғауға) беру кезінде қалдық құны бастапқы (қалпына келтіру) құнынан 10 пайыз мөлшерінде қабылданады;

$N_{ам}$ – Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабына сәйкес амортизацияның шекті нормалары;

K_n – төмендету коэффициенті (жабдықтарды, көлік құралдарын және өзге де тұтынылмайтын заттарды алпыс пайыздан аса тозу кезінде қолданылады -0,8 мөлшерінде).

4. Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерін, сондай-ақ жабдықты, көлік құралдары және басқа да тұтынылмайтын заттарды сағат бойынша мүлкіктік жалғауға (жалға алу) ұсыну кезінде жалғау ақысын есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$A_ч = A_p / 12 / D / 24$, мұнда:

$A_ч$ – сағатына аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері, жабдық, көлік құралдары және басқа да тұтынылмайтын заттар үшін жалғау ақысының мөлшерлемесі;

A_p – жылына аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілері, жабдық, көлік құралдары және басқа да тұтынылмайтын заттар үшін жалғау ақысының мөлшерлемесі;

12 – жылдағы айдың саны;

24 – тәуліктегі сағаттың саны;

D – объектілерді мүлкіктік жалғауға беру жүзеге асырылатын айдағы күндердің саны.

(Жалғасы 3-бетте).

Об утверждении Правил расчета ставки арендной платы при передаче районного коммунального имущества в имущественный наем (аренду)

В соответствии с Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе», постановлением Правительства Республики Казахстан от 13 февраля 2014 года №88 «Об утверждении Правил передачи государственного имущества в имущественный наем (аренду)» акимат Улытауского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить прилагаемые Правила расчета ставки арендной платы при передаче районного коммунального имущества в имущественный наем (аренду).
2. Государственному учреждению «Отдел экономики и финансов Улытауского района» в соответствии с действующим законодательством принять необходимые меры, вытекающие из настоящего постановления.
3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима Улытауского района **Мырзабеков Аманжол Батырбекович**.
4. Настоящее постановление вводится в действие со дня официального опубликования.

Аким района

Х. ОМАРОВ

Правила расчета ставки арендной платы при передаче районного коммунального имущества в имущественный наем (аренду)

1. Настоящие Правила расчета ставки арендной платы при передаче районного коммунального имущества в имущественный наем (аренду) (далее – Правила) разработаны в соответствии с п. 50 унктом 50 Правил передачи государственного имущества в имущественный наем (аренду), утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан от 13 февраля 2014 года №88 «Об утверждении Правил передачи государственного имущества в имущественный наем (аренду)», и определяют порядок расчета ставки арендной платы при передаче районного коммунального имущества в имущественный наем (аренду).

2. Расчет ставки годовой арендной платы при предоставлении в имущественный наем (аренду) объектов государственного нежилого фонда, находящихся на балансе районных коммунальных юридических лиц определяется на основании базовых ставок и размеров применяемых коэффициентов, учитывающих тип строения, вид нежилого помещения, наличие инженерных коммуникаций, территориальное расположение, вид деятельности нанимателя, организационно-правовую форму нанимателя согласно приложению к настоящим Правилам и осуществляется по формуле:

$A_p = P_{бс} \times S \times K_t \times K_v \times K_{ик} \times K_p \times K_{вд} \times K_{опф}$,

где:

A_p – ставка арендной платы объектов государственного нежилого фонда, находящихся на балансе районных коммунальных юридических лиц в год;

$P_{бс}$ – базовая ставка арендной платы за 1 квадратный метр, тенге в год;

S – арендуемая площадь, квадратный метр;

K_t – коэффициент, учитывающий тип строения;

K_v – коэффициент, учитывающий вид нежилого помещения;

$K_{ик}$ – коэффициент, учитывающий наличие инженерных

коммуникаций;

K_p – коэффициент, учитывающий территориальное расположение;

$K_{вд}$ – коэффициент, учитывающий вид деятельности нанимателя;

$K_{опф}$ – коэффициент, учитывающий организационно-правовую форму

нанимателя.

3. Расчет ставки годовой арендной платы при предоставлении в имущественный наем (аренду) оборудования, автотранспортных средств и других непотребляемых вещей осуществляется по формуле:

$A_p = C \times N_{ам} / 100 \times K_n$

где:

A_p – ставка арендной платы за оборудование, транспортные средства и другие не потребляемые вещи в год;

C – остаточная стоимость оборудования по данным бухгалтерского учета.

При сдаче в имущественный наем (аренду) оборудования, транспортных средств и других непотребляемых вещей с начисленным износом 100 процентов остаточная стоимость принимается в размере 10 процентов от первоначальной (восстановительной) стоимости;

$N_{ам}$ – предельные нормы амортизации в соответствии со статьей 120 Кодекса Республики Казахстан от 10 декабря 2008 года «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс);

K_n – понижающий коэффициент (применяется при износе оборудования, транспортных средств и других непотребляемых вещей более шестидесяти процентов - в размере 0,8).

4. Расчет арендной платы при предоставлении в имущественный наем (аренду) по часам объектов государственного нежилого фонда, а также оборудования, автотранспортных средств и других непотребляемых вещей, находящихся на балансе районных коммунальных юридических лиц, осуществляется по следующей формуле:

$A_ч = A_p / 12 / D / 24$,

где:

$A_ч$ – ставка арендной платы за объекты государственного нежилого фонда, оборудование, транспортные средства и другие непотребляемые вещи, находящиеся на балансе районных коммунальных юридических лиц, в час;

A_p – ставка арендной платы за объекты государственного нежилого фонда, оборудование, транспортные средства и другие непотребляемые вещи, находящиеся на балансе районных коммунальных юридических лиц, в год;

12 – количество месяцев в году;

24 – количество часов в сутках;

D – количество дней в месяце, в котором осуществляется передача объектов в имущественный наем.)

(Продолжение на 3 стр).

Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк жалдауға
(жалға алуға) беру кезiнде жалдау ақысының мөлшерлемесiн
есептеу қағидаларына қосымша

**Аудандық коммуналдық мүлiктi мүлiктiк
жалдауға (жалға алуға) беру кезiнде құрылыс
үлгiсi, тұрғын емес үй-жайдың түрi, инженерлiк
коммуникациялардың бар болуы, ау-
мақтық орналасуы, жалдаушының қызмет түрi,
жалдаушының құымдық-құқықтық нысаны
ескерiлетiн коэффициенттердiң қолданылатын
базалық мөлшерлемесi мен мөлшерлерi**

Базалық мөлшерлеменiң мөлшерлерi – тиiстi жылғы арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңымен белгiленген 2 (екi) айлық есептiк көрсеткiш.

№ р/р	Коэффициенттер түрi	Коэф- фициент мөлшерi
1	Құрылыс үлгiсiн ескеретiн коэффициент (Кт):	
	1.1 ғимарат	1,0
	1.2 спорттық ғимараттар (стадион, спорттық зал, спорттық алаңдар)	0,7
	1.3 басқа құрылыстар (ғимараттар)	0,9
2	Тұрғын емес үй-жайдың түрiн ескеретiн коэффициент (Кв):	
	2.1 жер үстi қабатында орналасқан үй -жай	1,0
	2.2 үй асты (жартылай жертөле) қабатында орналасқан үй-жай	1,0
	2. жертөле қабатындағы үй-жай	0,8
	2.5 басқа (шатыр, шатырдағы жай, тамбур, мансарда, лоджия, ашық спорттық құрылыстар және басқа)	0,7
3	Инженерлiк коммуникациялардың бар болуын ескеретiн коэффициент (Кик):	
	3.1 барлық инженерлiк коммуникациялары бар үй-жайлар үшiн (жылумен, электрмен, сумен жабдықтау және кәрiзбен) коммуникациялардың қандай да бiр түрлерi жоқ болса, әрбiр түрге 0,1-ге азаяды	1,0
4	аумақтық орналасуын ескеретiн коэффициент (Кр):	
	4.1 аудандық орталықтар үшiн	1,0
	4.2 аудан орталығының шетi	0,7
	4.3 кент, ауыл	0,5
5	Жалдаушының қызмет түрiн ескеретiн коэффициент (Квд):	
	5.1 банктердiң есеп айырысу-кассалық орталықтары, Қазақстан Республикасы ұлттық почта операторы, банкоматтар, төлеу терминалдары (мультикассалар) үшiн	2,5
	5.2 брокерлiк қызметтi жүзеге асыру және кеден қызметтерiн көрсету, айырбастау пункттерi және қызметi бағалы қағаздар нарығымен байланысты ұйымдар, сақтандыру, инвестициялық компаниялар, нотариалдық кеңселер, адвокаттық кеңселер үшiн	3,0
	5.3 сауда, қонақ үй қызметтерiн ұйымдастыру, сату автоматтары үшiн	2,5
	5.4 қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру (асхана, буфеттер) үшiн	1,5
	5.5 оқу орындарында (мектептерде, гимназияларда, лицейлерде, колледждерде және спорттық мектептерде) қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру (сахна, буфеттер) үшiн	0,5
	5.6 денсаулық сақтау, мәдениет, дене шынықтыру және спорт салаларында қызмет ету (қызметтердi) және iс-шараларды ұйымдастыру үшiн	1,0
	5.7 ұялы байланыс, интернет желiсi саласында қызмет ету үшiн (телекоммуникация жабдықтарын орналастыру және басқа)	5,0
	5.8 мынадай салаларда қызметтердi ұйымдастыру үшiн:	
	ғылым және жоғарғы бiлiм беру	1,1
	орта бiлiм беру	0,9
	мектепке дейiнгi бiлiм беру	0,8
	5.9 5.1-5.8- тармақтарында көрсетiлген қызмет түрлерiн қоспағанда, басқа қызмет түрлерi үшiн	2,0
6	Жалдаушының құымдық-құқықтық нысанын ескеретiн коэффициент (Копф):	
	6.1 қайырымдылық және қоғамдық бiрлестiктер, коммерциялық емес ұйымдар үшiн	0,5
	6.2 жеке кәсiпкерлер, шаруалар қожалықтары үшiн	0,9
	6.3 жарғылық капиталындағы акционерлiк қоғам акцияларының бақылау пакетi немесе жауапкершiлiгi шектеулi серiктестiктiң жарғылық капиталына қатысуының бақылау үлесi Ұлытау ауданының әкiмдiгiне тиесiлi акционерлiк қоғамдар және жауапкершiлiгi шектеулi серiктестiктер үшiн*	0,5
	6.4 қалғандары үшiн	1,0

*акционерлiк қоғамның акцияларының бақылау пакетi немесе жауапкершiлiгi шектеулi серiктестiктiң жарғылық капиталына қатысуының бақылау үлесi тиiсiнше акционерлiк қоғамның дауыс беретiн акцияларының елу пайызынан астамы немесе жауапкершiлiгi шектеулi серiктестiктiң жарғылық капиталындағы қатысу үлесiнiң елу пайызынан астамы мемлекетке тиесiлi екендiгiн бiлдiредi.

Приложение к Правилам расчета ставки арендной платы при
передаче районного коммунального имущества в имущественный наем
(аренду)

**Базовая ставка и размеры применяемых коэф-
фициентов, учитывающих тип строения, вид
нежилого помещения, наличие инженерных ком-
муникаций, территориальное расположение, вид
деятельности нанимателя, организационно-пра-
вовую форму нанимателя при передаче районно-
го коммунального имущества в имущественный
наем (аренду)**

Размер базовой ставки – 2 (два) месячных расчетных показателя, установленного Законом Республики Казахстан о республиканском бюджете на соответствующий год.

№ п/п	Вид коэффициентов	Размет коэффици- ента
1	Коэффициент, учитывающий тип строения (Кт):	
	1.1 здание	1,0
	1.2 спортивное сооружение (стадион, спортивный зал, спортивные площадки)	0,7
	1.3 прочие строения (сооружения)	0,9
2	Коэффициент, учитывающий вид нежилого помещения (Кв):	
	2.1 помещение в надземном этаже	1,0
	2.2 помещение в цокольном (полуподвальном) этаже	0,9
	2.3 помещение в подвальном этаже	0,8
	2.4 прочее (крыша, чердак, тамбур, мансарда, лоджия, открытые спортивные сооружения и другое)	0,7
3	Коэффициент, учитывающий наличие инженерных коммуникаций (Кик):	
	3.1 для помещений со всеми инженерными коммуникациями (тепло-, электро-, водоснабжения и водоотведения) при отсутствии каких-либо видов коммуникаций уменьшается на 0,1 за каждый вид	1,0
4	Коэффициент, учитывающий территориальное расположение (Кр):	
	4.1 для районного центра	1,0
	4.2 окраина районного центра	0,7
	4.3 поселок, село	0,5
5	Коэффициент, учитывающий вид деятельности нанимателя (Квд):	
	5.1 для расчетно-кассовых центров банков, Национального оператора почты Республики Казахстан, банкоматов, терминалов оплаты (мультикасс)	2,5
	5.2 для брокерской деятельности и оказания таможенных услуг, обменных пунктов и организаций, деятельность которых связана с рынком ценных бумаг, страховых, инвестиционных компаний, нотариальных контор, адвокатских контор	3,0
	5.3 для организации торговли, гостиничных услуг, торговых автоматов	2,5
	5.4 для организации общественного питания (столовая, буфет)	1,5
	5.5 для организации общественного питания (столовая, буфет) в учебных заведениях (школах, гимназиях, лицеях, колледжах и спортивных школах)	0,5
	5.6 для организации услуг (деятельности) и мероприятий в области здравоохранения, культуры, физической культуры и спорта	1,0
	5.7 для организации услуг в сфере сотовой связи, сети интернет (размещение телекоммуникационного оборудования и другое)	5,0
	5.8 для организации услуг в области: науки и высшего образования среднего образования дошкольного образования	1,1 0,9 0,8
	5.9 для иных видов деятельности, за исключением видов деятельности, указанных в пунктах 5.1-5.8	2,0
6	Коэффициент, учитывающий организационно-правовую форму нанимателя (Копф):	
	6.1 для благотворительных и общественных объединений, некоммерческих организаций	0,5
	6.2 для индивидуальных предпринимателей, крестьянских хозяйств	0,9
	6.3 для акционерных обществ и товариществ с ограниченной ответственностью, в уставном капитале которых акимату Улытауского района принадлежит контрольный пакет акций акционерного общества или контрольная доля участия в уставном капитале товарищества с ограниченной ответственностью*	0,5
	6.4 для остальных	1,0

* контрольный пакет акций акционерного общества или контрольная доля участия в уставном капитале товарищества с ограниченной ответственностью означает, что государству принадлежит соответственно более пятидесяти процентов голосующих акций акционерного общества или более пятидесяти процентов доли участия в уставном капитале товарищества с ограниченной ответственностью.

2015 жыл — Қазақ хандығының 550 жылдығы

Көреген Керей хан мен Жәнібек атамекенді азат ету жолындағы бұл қанкешті соғыстарда Әбілқайырмен ұзақ жылдардан бері билікке таласып келе жатқан Жошы ұрпақтары – Ахмет хан мен Махмұд сұлтандардың, батыс Сібірдің билеушісі Ибақ ханның да күшін шебер пайдалана білді. Сондай-ақ, өздеріне іш тартатын Ноғай одағының билеушілерімен де сенімді одақтас болды.

Қазақтардың жойқын күшіне төтеп бере алмаған Әбілқайыр ханның мұрагері Шайх Хайдар ойсырай жеңіліп, жазасын алды. Дешті Қыпшақта үстемдік қылмақ болған Өзбек ұлысының сан мыңдаған әскері ыдырай қашты. Әбілқайыр ханның немерелері Мұхаммед Шайбани мен Махмұд сұлтан Астраханға барып паналады. Әбілқайыр ханның мұрагерлерімен болған азаттық күресінде толық жеңіске жеткен Керей мен Жәнібек Дешті Қыпшақ даласын түгелдей Қазақ хандығының игілігіне қаратты. Әбілқайыр ханның 40 жылға созылған езгісінен құтылған көптеген қазақ тайпалары атамекендерінде дербестігін алған Қазақ хандығының туы астында топтасты. Әртүрлі ұлыстарда бытырап жүрген қазақ рулары енді қазақ деген ұлттық атауға ие болып, жөке халық, дербес мемлекет ретінде тарих сахнасына шықты. Қазақ хандығының халқы бір миллионға жетті. Ол заманда мұндай халқы бар мемлекет саусақпен санарлықтай ғана еді. Міне, өркениетті елдер шоғырында еңсесін биіктетіп, Көкбайрағын асқақ желбіреткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 23 жылдығын артқа тастап үлгерді. Бұл – сонау ғасырлар қойнауынан атойлаған

төрт тағанына нық тұрып, төңірегіндегі елдерді санасуға мәжбүр еткен іргелі мемлекет ретінде қалыптасып алды. Ақылына іскерлігі сай Өз-Жәнібек өзі дара хандық құрған жеті жыл ішінде мемлекеттің құрылымын, басқару және заңдық жүйесін, әскери тәртібін жасап, берік орнықтырып кетті.

Қазақ хандығының алғашқы басқару жүйесінен кейінгі кезеңдеріне дейін жалғасқан озық үрдіс алғаш осы Өз-Жәнібек қалдырған заңдарда нақты көрініс тапса керек. Оның ішінде ерекше көңіл аударарлығы – хандық биліктің әкеден балаға емес, ағадан ініге көшуі. Ол – ағайын арасындағы алауыздықты болдырмай, туыстықты берік жалғастыруға, інінің ағаны, кішінің үлкенді құрмет тұтуына негізделген ұлттық дәстүрді нығайтуға бағытталған көрегендік саясат еді. Ол – сонау Түрік қағанаты кезеңінен ұлттық қанымызға сіңген ізгілікті үрдістің лайықты жалғасы болатын. Оған көнедегі VIII ғасырдан бізге жеткен Білге-қаған ескерткішіндегі «Өуелі әкелер қаған болды, одан соң інілері қаған болды, содан кейін балалары қаған болды» деген қасиетті шежіре жазулары айқын дәлел.

Төрт ғасыр бойы дәуірлеген Қазақ хандығының алғашқы «алтын ғасыры» тарихын

қастар жүргізген Қазақ Ордасының қас жауы – Мұхаммед Шайбани болды. Сол сияқты Әмір Темір әулетінен шыққан Әмір Мұхаммед Мәзит Тархан хан мен Моғолстан билеушісі Жүніс хан да қазақтардың стратегиялық маңызы зор бай қалаларын өздеріне қаратып алуды көкседі. Мұхаммед Шайбани Сырдың бойындағы қалаларды басып алу және атасы Әбілхайырдың Дешті Қыпшақта құлаған үстемдігін қайта орнату үшін қазақтармен 30 жыл үздіксіз соғысты. Бұл соғыстарда ол бірде Әмір Темір әулеттеріне, бірде Ноғай одағына, бірде Моғолстан хандарына иек артты. Шайбани хан өзінің осы пиғылын қайткен күнде жүзеге асыру үшін Қазақ еліне төрт рет жойқын басқыншылық жорық жасады.

1509 жылы Мұхаммед Шайбани мұздай қаруланған 100 мың әскермен қаңтардың қақаған қысында Сырдарияның мұзынан өтіп, Өз-Жәнібектің ұлы Жаныш сұлтанның ұлысына шабуыл жасады. Қамсыз жатқан бейбіт елді қырып-жойып, Аркөк, Үзкент, Түркістан (Ясы) қалаларын басып алып, Жаныш сұлтанның қыстаулары Қарабалға жетеді. Тосын жауға қарсы Жаныш сұлтан бүкіл ұлысын көтереді. Сол кезде Жаныш сұлтан ұлысында барлығы 100 мыңдай халық бар екен, содан 30 мыңдай азамат атқа қонып, қанқұйлы жауға қарсы тұрыпты.

Күш тең емес еді. Бірақ Жаныш сұлтан бастаған қазақ әскері басқыншылармен шайқаста туған жердің әрбір қаласы мен қырат-қырқасы үшін бастарын бөйгеге тікті. Өздерінен үш-төрт есе көп жаумен жанталаса арпалысқан Жаныш сарбаздары Шайбани қосындарының қатарын селдіретіп-ақ тастады. Бірақ кенеттен соқтыққан көп жау

Қазақ сарбаздары Мұхаммед Шайбанидің баласы Темір мен немересі Ұбайдолла сұлтан-дар бастаған басқыншылардың тас-талқанын шығарды. Үрейленген жауды түре қуып, көп шығынға ұшыратты. Әскердің қалдығы Сыр бойындағы Көк Кесене бекінісінде жатқан Шайбани қосындарына келіп қосылады. Шайбани әскерінің басын құрап үлгергенше қазақтардың негізгі жасағын бастап, Қасым сұлтан басқыншыларды қоршауға алады. Кескілескен шайқас ұзаққа созылды. Туған жерін қанға бөктірген жауға деген кек жігерлендірген қазақ сарбаздары Шайбанидің есін жиғызбады. Оңай олжа қуып келген он мыңдаған басқыншылар жер жастанды. Бар әскерінен айрылған Мұхаммед Шайбанидің өзі бас сауғалап, зорға қашып құтылады (Мұхаммед Хайдар Дулати, «Тарих-и-Рашиди»).

Отыз жыл бойы қазақ даласына дүркін-дүркін соғыс ашып, бейбіт елдің берекесін қашырған Мұхаммед Шайбанидің сағы мүлде сынды. Кір жуып, кіндік кескен атамекендерін ешбір жауға таптатпайтындықтарын іс жүзінде дәлелдеген қазақ халқының қайсарлығын ата жау да еріксіз мойындады. Ғұлама тарихшы Фазлаллах ибн Рузбехан: «Бұл қазақтар – өздерінің қайтпас ерлігімен де, қуат-күшімен де бүкіл әлемге танылған халық. Егер қазақтар рулы елімен бас құрап, ту көтеріп, уақытында шеп түзей алса, ешбір жауға алдырмайды», деп сүйсіне жазды. Сол кездің тарихшылары орта ғасырлық ірі мемлекеттің іргетасын қалаған, Әбілхайыр әулетінің құлдыраған беделін қайта көтерген білікті хан, бүкіл өмірін жаугершілікпен өткізген дарынды қолбасшы деп бағалаған Мұхаммед Шайбанидің қазақтармен соғыста шын сағы

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

бабалар үрдісі жалғасының салтанат құруы. Ұлы даланың қас перзенті – қазақ халқының азаттық жолындағы қасиетті күресінің асыл шежіресі, сол жолда елін бастап, ту көтерген бабаларымыздың өшпес есімдері біз үшін қашанда қымбат. Әлі көмескіліктен арыла алмай келе жатқан осы асыл шежірені, ардақты есімдерді жарқырата паш етіп, ұрпағымыздың ұлттық мақтанышына айналдыру – кезек күттірмес парыз.

Осы орайда, халқымыз үшін еңбегі ерен, есімі қасиетті екі тұлға бар. Олар – Қазақ хандығының іргесін қалаған, мызғымас мемлекет құрған, халқымыздың біртуар ұлт болып бірігуіне мұрындық болған – **Керей хан мен Жәнібек хан**. Бұл екі тұлғаны бір-бірінен ажырата бағалау артықтау болар. Екеуі де – елі үшін басын бөйгеге тігіп, ұлтының ұлылығын асыруда аянбаған парасат иелері, халық сүйген перзенттері. Қазақ хандығы құрылғанда жасы үлкен Керей хандық тізгінді ұстаса, одан кейін Жәнібек билік жүргізді. Қазақ Ордасының іргеленуі мен іріленуі Жәнібек хан тұсында болған. Жаңа хандықтың мемлекеттік құрылымы мен заң жүйесі де Жәнібек заманында жүйеленіп, келер ұрпаққа мұра етілген. Халқымыздың қасиетті шежіресінде Жәнібек ханға ерекше айшықты орын беріледі. Ол ел естелігінде ақылғой, данагөй және әділетті әмірші ретінде мәңгі қалған. Халық оны жай ғана Жәнібек хан демей, Өз-Жәнібек деп айрықша әспеттейді. Сондықтан да, бұл кесек тұлға, тарихи қайраткер Тәуелсіз Қазақстанның жаңғырған жаңа тарихында жан-жақты зерттеліп, қайтарып зерделенуі тиіс.

...одан соң інілер қаған болды

Қазақ мемлекетінің бұдан кейінгі төрт ғасырлық шежіресінде халқымыздың қасиетін арттырып, іргелі елдігін өрістетуге ұйытқы болған ірі тарихи тұлғаларымыз: Қасым хан, Хақ-Назар хан, Тәуекел хан, Еңсегей бойлы ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан, Өз-Тәуке хан, Абылай хан, көкжал Кенесары хан газетіміздің алдыңғы нөмірінде сөз еткен Өз-Жәнібек ханның тікелей ұрпақтары болып келеді.

Атамекенінде азаттық туын көтеріп, дербес іргелі хандық құрған қазақ халқының талайым тағдыр алға тартқан тар жол, тайғақ кешулері осымен тәмам бола қалған жоқ. Тәуелсіз жас мемлекеттің бітіспес қас дұшпанына айналып, көк қуған Әбілхайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбанимен жұлқыласқан соғыс отыз жылдан астам уақытқа созылды. Бұл қанкешу шайқастар **Керей ханның ұлы Бұрындық ханның (1480-1511)** тұсында аса шиеленіскен сипат алды. Өз-Жәнібек хан қайтыс болғаннан кейін Қазақ хандығының билігі Керей ханның ұлы Бұрындықтың иелігіне көшеді. Бұл – 1480 жылдың шамасы болатын. Кешегі Көк Орда ұлысында, Дешті Қыпшақ даласында азаттық күресін бастап, Тәуелсіздік туын тіккен Қазақ хандығы осы ширек ғасыр уақытта



да осы бір ұлағатты үрдісті барынша бұлжытпай ұстауға күш салынғаны анық байқалады. Өз-Жәнібектің өзінен туған Махмұт, Еренші, Әдік, Қасым, Жаныш, Таныш сияқты ел ішінде естілігімен де, ерлігімен де аттары шыққан, өңкей сырттан тоғыз ұлы бола тұра, хан тағының аға баласы – Керейдің ұлы Бұрындыққа берілуінен де осы бабалар дәстүрін жаңа мемлекеттің заңдарында орнықтырып, ұрпаққа ұлағат етіп қалдыру мақсатынан туған ізгілікті үрдістің нақты жалғасын көреміз. Данагөй әкенің парасатты өнегесіне сөзсіз бағынған тоғыз сұлтан ата дәстүрін берік орнықтырып, қазақ елінің мерейін асырды. Олардың ешқайсысы Бұрындық ханның алдында тексіздік танытпады. Тіпті, сол кездің өзінде айбары асқан, «тақсыз хан» атанған Қасым сұлтанның өзі де Бұрындық ханға қарсы келмеді. Осы ұлағаты зор озық дәстүрді сол заманның тарихшылары да: «Бір кезде өз әкесі Жәнібек Керей ханның билігіне бас ұрғаны сияқты, Қасым да Бұрындық ханды ұлық тұтты», – деп ерекше мән бере жазған.

Бұрындық хан билік құрған кезеңде Қазақ хандығы ата жауларының үздіксіз жүргізген басқыншылық соғыстарына күйрете соққы бере отырып, ел іргесін де кеңейте түсті. Қазақ хандығы Көк орданың байырғы астанасы Сығанақ қаласымен бірге Сырдарияның жағасындағы стратегиялық маңызы зор Созақ, Сауран, Аркөк, Үзкент, Аққорған сияқты қалалары мен шұрайлы аймақтарын өзіне қаратты. Сонымен бірге, қасиетті Түркістан, атақты Сайрам, ежелгі Отырар қалалары дұшпандардың көз құртын жеген қазақ мемлекетінің иелігі еді.

Сырдария бойындағы бай қалаларды жаулап алу жолында бітіспес қанды шай-

дегенін жасады. Ұзақ қантөгіс шайқастан кейін қазақ әскері түгелдей майдан даласында қаза тапты. Жаныш сұлтанның жаужүрек баласы Ахмет те осы соғыста мерт болды. Мұхаммед Шайбанидің жартылай қансыраған ызалы әскері бейбіт жатқан қазақ халқын қырып-жойып, мыңдаған бала-шағасын құлдыққа, қыз-келіншектерін күндікке алды. Жау қолына түскен мал-мүлік те қиспасыз еді. Шайбани әскерінің құрамында болған, кейіннен “Михманнама и-Бұхара” атты аса құнды тарихи еңбек жазған тарихшы Фазлаллах ибн Рузбеханның айтуы бойынша, қазақтардың бала-шағалары мен жұқтерін артып, көшіп жүре беретін “жылжымалы үйлерінің” (арба үстіне тігілген кигіз үйлі күймелер) өзінен он мыңнан астам үй олжа болған. Үйір-үйір жылқы, табын-табын түйе мен қой қолды болған.

Жеңіске желігіп, оңай олжаға құныққан Мұхаммед Шайбани Қазақ хандығын біржолата талқандап, ата кегін қайтару үшін 1510 жылы тағы қыс айында өзінің соңғы, төртінші жойқын жорығына шықты. Бұл жолы да Сырдарияны көктей өтіп, бейбіт қазақ қалалары мен ауылдарын қырып-жойып, әскерінің негізгі бөлігін Сарыарқаға аттандырады. Жаудың бір жыл бұрынғы басқыншылық жорығынан сабақ алған қазақ жұрты қамсыз емес еді. Жаужүрек қолбасшы Қасым сұлтан «жау қосындары қай қиырдан, қай мезгілде тиіседі» дегендей әскерін томаға-тұйық ұстап, Ұлытаудағы ордасында жатқан болатын. «Аттан!» деген алғашқы жаушы хабарынан кейін-ақ Мойынсыз Қасен батыр бастаған әскерінің алғашқы легін жауға қарсы аттандырады.

Жаужүрек баһадүр Мойынсыз Қасен жау қосындарын Кішітау маңында қарсы алады.

сынып, бағы тайды. Бұрынғы күшінен де, беделінен де айырылып, қайта оңала алмады.

Қазақ еліне жасаған осы соңғы жорығынан соң шамалы уақыт өткеннен кейін бұрынғы ұлы қосындарының қалған-құтқанымен еліне тиіскен Иран әскерлерімен қарсы соғыста қоршауға түсті. Исмаил шахтың әскерлері Шайбани қосындарын түгелдей дерлік қырып жіберді. Мұхаммед Шайбанидің өзі осы соғыста Мерв қаласының түбінде қаза тапты. Мұхаммед Шайбани өлген соң, оның ұрпақтары билікке таласып, өзара абыройсыз қырқысқа түсті. Бұдан былайғы ширек ғасырға тақау уақытта Орта Азия тақ таласы үшін болған қанкешу соғыстың орталығына айналды.

Отыз жылға созылған басқыншылық соғысқа қарсы тұрып, Орта Азия әміршісі Мұхаммед Шайбаниді біржолата талқандағаннан кейін Қазақ хандығының мерейі өсіп, атақ-даңқы төрткүл дүниеге тегіс тарады. Сыр бойының қос жағалауына қоныс тепкен қалалардың барлығы Қазақ ордасына қарап, бейбіт өмір қалыптасты. Қазақтың жеңімпаз әскерінің бас қолбасшысы Қасым сұлтанның атағы бір жағы Мәскеу княздігіне, бір жағы Иран мен Үндістанға жетті. Өзара жауласқан Орта Азия билеушілерінің арасындағы бітіспес кикілжіңді Қасым тиімді пайдаланып, қазақ елінің шырқын бұзатындай бұл жақтан ешқандай қауіптің болмауына қол жеткізді. Қазақ хандығының іргесі нығайып, халқы бейбіт тіршіліктің берекесін көрді.

Бұрындық хан Қазақ ордасының ішінде ешқандай алауыздық болдырмады. Ол Өз-Жәнібек ханның ұлағатын жалғастырушы Қасым сұлтан бастаған жаужүрек туыстарының көмегіне сүйене отырып, елінің босағасы бекіп, берекесі артуына тиімді жағдай жасай білді. Өз-Жәнібек қалдырған іргелі хандықтың күш-қуатын одан әрі арттырып, нығайта түсті. Ата кегін қуған Мұхаммед Шайбанидің отыз жылдық басқыншылық соғысына төтеп беріп, бітіспес жауды тізе бүктірді.

Отыз жыл билік құрған Бұрындық хан бар өмірін елінің тәуелсіздігін сақтап, бірлігін берік қылу жолында бел шешпей, ат үстінде өткерді. Ол аталары мирас етіп қалдырған қасиетті таққа да, қазақ елінің қолы жеткен азаттыққа да қылау түсірген жоқ. Ежелден еркіндік аңсаған халқымыздың тарихында Қазақ мемлекетінің іргесін шайқалтпай, жан-жақтан көз алартқан басқыншыларға таба қылмай, тәуелсіздік мұратын биік ұстап, ел бірлігін сақтай білген Бұрындық ханның алар орны ерекше. Төрт ғасыр дәуірлеген Қазақ хандығының ұлы билеушілерінің бірі – Бұрындық ханның есімі тарихшылар еңбегінде лайықты бағасын алуға тиіс.

Жылқыбай ЖАҒЫПАРҰЛЫ.
«Егемен Қазақстан» газетінен.
(Жалғасы бар).

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды



ТАҒДЫР ТАЛҚЫСЫНАН ӨТКЕН ЖАН

(Майдангер Бедеш Баржақсин туралы бір үзік сыр)

Биыл елімізде Ұлы Жеңістің 70 жылдығы кеңінен аталып өтпекші. 1941-45 жылғы Ұлы Отан соғысы сол замандағы ер-азаматтардың иықтарына талай ауыртпалықты артқаны аян! «Пенде пешенесіне жазылғанын толық көрмей – өлмейді» дейді екен қазақ даналығы. Расында, қалт айтпайтын халық сөзінде шындық бар шығар...



Менің осы бір шағын мақаламның арқауы әкемнің інісі Бедеш бауырым болмақ. Замананың бар қиындығын басынан өткерген Бедеш ағай өткен өмірі жайлы көп сөз қозғамайтын. Жаратылысынан томағатұйық, жуас жанның кейініректе өз аузынан естігендерімді қағаз бетіне түсіргенім еді бұл.


Әкем Әбжамалдың інісі, 1915 жылы туған Бедеш Баржақсин Жамбылдың пед. техникумын бітірген соң, 1940 жылы Қызыл

Армия қатарына алынған. Соғыс басталғанда Беларусь шекарасында жанұясымен тұрыпты. Немістер бомбалағанда өзі кезекте күзетте тұрған екен. Бомба тура үйіне түскен. Содан есеңгіреп қалған ол, сәлден кейін өзер есін жияды. Станция толық бомбаланған, қып-қызыл өрт басыпты. Кеңес әскері шегініп кеткен, станция отқа оранған.

Қою түтін мен шаң-тозаңнан айырып болмайды. Көзі қарауытып, басы айналады. Шөлдеген соң вагоннан ағып жатқан сырадан каскасын толтырып ішіп алады да, бір бомба түскен шұңқырға жасырынып жатады. Ұйықтап кетсе немістердің дауысын естіген. Сол жерде тұтқынға түседі. Содан Германияның Батыс аймағына алып кеткен. Сол жерде үш рет лагерьден қашқан екен, бір-ақ рет баратын жері жоқ, шекара алыста оған жете алмаған. Сөйтіп, немістің

қол астында жұмыс жасаған. Өзі көп ештеңе айтпайтын. Кейбір деректерге сүйенсек, сол жерде дайындық курста болып, Гурьев жағы десант болып түскен бойда, жанындағы 5 жігітпен НКВД-ға берілген. Содан оларды «қандарымен жуасындар!» деп қайтадан айып батальонына жіберген. 1946 жылға дейін соғыста болған. Алған орден, медальдары бар болатын. Солақай саясаттың кесірінен, Ұлы Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында Ұлытау ауданы Әскери комиссариатының бастығы Лавров деген әскери билетін және наградаларын алып кетті. Сол уақытта көреалмаушылық, қызғаныштық белең алған тұста үш адам «Қазақстан» колхозының басқарушылары көрсетіп, «халық жауы», «шпион», Коммунистік партиясы саясатына қарсы, Сталин көсемімізді «мұрт» деп кемсітіп, «боқтады» деген сылтаулармен ұстатқан. Тексеруде тергеушіге тұтқында болғанын, кейін соғыста болып қанымен жуғанын, Қорғантаста, тастан басқа ештеңе жоқтығын, жат пиғылда болмағандығын, тек қана көрі әке-шешесі үшін тірі қалып, оларды көру үшін немістерге жалданғанын айтып, сендіре алмаған. Соңында Магаданға 25 жыл арқалап кете барды.

Содан 1953-54 жылдары Сталин өлген соң амиссияға ілінген, алайда толық ақталмаған. 1956 жылы келген соң совхоздың шаруашылығына араласып, әртүрлі қара жұмыс істеді. 1964 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін Аманкелді орта мектебінде мұғалім болды. 1997



жылы 82 жасында дүниеден өтті. Тағдыры «сыйға тартқан» талай ауыртпалықты жеңе білген Бедеш Баржақсиннің есімі, жарқын бейнесі ұрпақтарының жадында мәңгі сақталады!

Биыл Ұлы Жеңістің 70 жылдығы құрметіне аудан орталығындағы «Таңбалы тас» саябағында, Ұлытау ауылынан майданға аттанып, соғыста қаза тапқандардың, елге аман-сау оралып, кейінірек қайтыс болған азаматтардың аттары жазылған ескерткіш тақта орнатылады екен. Сол тақтадағы тізімнің ішінде Б.Баржақсиннің де есімі тұрса деген тілегімізді жеткізіміз келеді аудан басшылығына. Жастық шағы онсыз да қасіретке толы болған бауырымыздың аты, ең болмаса тас тақтада қалса екен!


Есенғали ӘБЖАМАЛОВ.
Ұлытау селосы.

БІЗДІҢ ЖЕРЛЕС БАТЫРЛАР

Колбасов Николай ИЛЛАРИОНОВИЧ

Николай Илларионович Колбасов 1911 жылы 21 желтоқсанда Ақмола облысы, Сандықтау ауданы, Максимовка селосында туған. Кеңес әскері қатарына шақырылғанға дейін Жезқазған ауданы Қарсақбайда тұрып жұмыс істеді.

Николай Колбасов Армия қатарына 1942 жылы шақырылды. Жауынгерлік алғашқы қадамы Сталинград шайқасында басталды. Н.Колбасов командир және жауынгер ретінде, әсіресе Курск-Орлов ұрысында өзін ерекше көрсетті. 1943 жылғы августта толтырылған наградтау листогындағы мына бір жолдарға тоқталайық. «Белград бағытындағы ұрыстың бірінші күні – 1943 жылғы 7 шілде гвардия кіші лейтенанты Н.Колбасовтың взводы зеңбіректерін ашық бетке шығарып қойып, біздің атыс орнымызға келе жатқан немістің жалпы саны 70 «Тигр» танкісімен жекпе-жекке шықты. Н.Колбасовтың артиллеристері жау танкілерін жақындатып алып, қайта шабуылдағанымен біздің артиллеристер тұрған орындарынан тапжылмады. Сол күні Н.Колбасовтың взводы өздерінің қос зеңбіректерімен нысанаға дәл атып, біздің позициямызға қарай жолда келе жатқан жаудың 46 автомашинасын жаяу әскерлерімен бірге жойып жіберді. 11 июльде жау 150 танк пен екі полк жаяу әскерлерін біріктіріп, 228-гвардия атқыштар полкі майдан шебінің сол қанатына дүрсе қоя берді. Біздің батареямызды бастырылмалы бомбылағаннан кейін Н.Колбасовтың ержүрек артиллеристерінің учаскесіне қарай үш жаққа бірдей оқ атқан 17



«Тигр» танкісі жұлқына шықты. Артиллеристер зеңбіректерін бұрып алып оларға қарай бората оқ жаудырды. Үш танкі лаулап жанды, бірақ жау жабыла берді. Жау снаряды тура тиіп, зеңбірегі бүктетілген Николайдың қару рашеты қатардан шығып Колбасовтың өзі басқа зеңбірекке тұрды. Ол бір мезетте нысанашы да, оқтаушы да және снаряд тасушыға да айналды. Николай жау танкілерін өзіне жақындатып алып, тура ұрды. Ол өзіне бірнеше ондаған метр ғана жақын қалған төрт танкіні тағы қиратты. Бұл кезде взводта адамдар да, снаряд та аз қалған еді. Жау қайта бірігіп, Николайдың орудиесіне қарсы ұмтылды. Қаһарман командир айнала қорғаныс ұйымдастырып, 100-ге жуық гитлершіні қырып салды. Жау оларды қоршауға алу мақсатымен кейін шегіне бастады. Николай қалған адамдарды контратакаға шығарып, жаудың танктері мен автоматшыларының қоршауынан

алып шықты.

КСРО Жоғарғы Кеңес Төралқасының 1944 жылғы 22 ақпандағы Жарлығымен II-Дәрежелі Суворов орденді 92-ші Звеногорск-Берлин атқыштар дивизиясынан 199-шы гвардиялық артиллерия полкінің взвод командирі Н.Колбасовқа Белгород бағытындағы ұрыстарда батылдық пен ерлік көрсеткені үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Жезқазғандық батыр Украинаны азат ету жолындағы ұрыста ерлікпен қаза тапты. Ол Полтава облысының Дробиновка селосына жерленді. Қарсақбай поселкесіндегі бір көше Н.Колбасовтың есімімен аталады.

Живов Анатолий ПАВЛОВИЧ

Анатолий Павлович Живов 1925 жылы Москвада, жұмысшы Павел Иванович Живовтың отбасында туып, 15 жасында Москва зауыттарының бірінде слесарьдың шәкірті болып жұмыс істеген. Өйткені әкесі қайтыс болып, шешесінің қолында 4 бала қалған еді. Анатолий жұмысшы мамандығын тез-ақ меңгеріп, әжептәуір табыс тауып, отбасын асырауға қолғабыс тигізіп жүрді.

Фашистер 1941 жылы тамызда Никополь марганец кеніші тұрған жерді басып алғанда, жау біздің еліміздің бронды болатты өндіруде аса маңызды компонент болып табылатын марганецсіз қалғанына масаттанды. Үкімет бұл жағдайды ескеріп, Қарағанды облысы Ұлытау ауданының Жезқазған, Жезді қыраттарынан марганец өндіретін кеніш ашу жөнінде шешім қабылдады. 1942 жылдың жазында әскерге шақырылған москвалық жұмысшылардың үлкен тобы Жезді марганец кенішінің құрылысына жіберілген-тін. Осы топпен Жездіге Анатолий Живов та келді. Жезді марганец кеніші қысқа мерзімде – 38 күнде салынып бітіп, қорғаныс өнеркәсібі маңызды стратегиялық материал алды.

Анатолий Живов кеніште жұмыс істей жүріп, басқа да көптеген жас патриоттар сияқты, қанқұйлы басқыншылдардың көзін жою үшін майданға сұранды. Сөйтіп, 1943 жылы мамырда 18 жасар Анатолий өз еркімен майданға аттанды. Байланыс взводының телефонисі А.Живов бір жылға жетер-жетпес уақыт қана соғысты. Бірақ ол өзін тарлан жауынгердей көрсете білді. А.Матросовтың ерлігін қайымықпай қайталаған Жезді марганец руднигінің жұмыскері А.Живовтың есімі Ұлы Отан соғысының қаһармандық тарихында мәңгі өшпестей жазылып қалды. 1944 жылғы 4 сәуірде Тернополь қаласының көшелерінде кескілескен ұрыс болды. Берік бекініп алған



жау бекінісіне шабуылдаушы топ сапында байланысшы А.Живов та болды. Әсіресе амбразуралардың бірінен бораған оқ біздің жауынгерлерді бауша қиды. Командование от шашқан атыс орнын жоюды ұйғарғанда Анатолий бұл тәуекелге өзі сұранды. Шабуылдаушы топтың мылтық және пулемет оқтарының астын тасалана отырып, ол амбразураға еңбектеп жетті де, жанармай құйылған шөлмекті лақтырды. Атыс орны сәл үнсіз тұрды да, қайта ата бастаған соң Анатолий алға ұмтылып, оны денесімен жапты. Өлім шашқан от оқпанының үні өшті. Оның жолдастары шабуылға құйындай көтеріліп, Анатолийдің достарының өлімі үшін жаудан кек алды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1944 жылғы 23 қыркүйектегі Жарлығы бойынша Александр Матросовтың ерлігін қайталаған Анатолий Живовқа қаза болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры

атағын берді. Батырдың жерлестері және жезділіктер А.Живовты ұмытқан жоқ. Ол туралы өлеңдер жазылып, өндер шығарылды. Москва мен Тернополь қалаларында оның есімімен аталатын көшелер бар. Қасиетті Ұлытаудың топырағы да оны өз ұланындай құрметтеп, мақтан тұтады. Өйткені ол Жезді кенішінде еңбек етіп, қасиетті Көкбұлақтың тұнық қайнарынан сусындап, Кішітаудың етегінен майданға аттанды. Жезді кентінде бір көше Кеңес Одағының Батыры есімімен аталады.

З.НҰРМАҒАНБЕТОВА,
Жезді мұражайының маманы.

Қазақстан халқы Ассамблеясына — 20 жыл



АССАМБЛЕЯ – БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ ТІРЕГІ

Альмира МАКСҰТҚЫЗЫ

Жыр алыбы Жамбыл бабаның «Жігерлі болса, ер болар, бірлікті болса, ел болар» деген даналық сөзі бар. Шындығында, ел бірлігі болмаса, онда экономика мен әлеуметтік даму тұрмақ тәуелсіздік пен тұғырлылық туралы да сөз айтуға шама жетпес еді. Сондықтан да, бейбітшілік пен бірліктің маңызын ұғынған Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы идеясын жариялап, құтты мекенге тұрақтылықтың тамырын жайғызатын, бірлікке сызат түсірмеуді көздейтін Қазақстан халқы Ассамблеясын 1995 жылдың 1 наурызында құрды.

Содан бері 20 жыл өтіпті. Елбасының сол жылдары жасаған қадамы өз жемісін беріп, жұртшылықты жетістікке бастады, ең бастысы - Ассамблея татулық пен тыныштықтың тірегіне айналды. Осындай киелі құбылысты нығайта түсу мақсатында биылғы 2015 жыл - Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жарияланған болатын. Сондықтан да, табалдырықтан аттағаннан бастап Қой жылында елдің түкпір-түкпірінде осынау мерейтойға арналған шаралар бастау алып, республика көлемінде «Татулыққа жасалған 20 қадам» атты акция ұйымдастырылды. 6 ақпан ресми түрде Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының ашылу күні деп белгіленді. Осындай айтулы шараға орай өз құттықтауын елдің түкпір-түкпіріне жолдаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ассамблея жылы - барша қазақстандықтардың ортақ мерекесі, барлық 17 млн. қазақстандықтың ісі» екенін алға тартады. «Ассамблея жылы біздің орасан нақты істер мен жаңа жетістіктердің жылы болады. Ассамблея жылы Конституциямыздың 20 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы секілді маңызды оқиғаларға бай. Биылғы жыл тарихи тағдыры ортақ халық бірлігінің жарқын



жиналды. Ауданның «Өркен» балабақшасында талай жылдан бері ұрпақ тәрбиесінде қызмет етіп келе жатқан Наташа Владимировна қызының экран арқылы жолдаған құттықтауы ерекше әсер берді.

зына үйленді. Отбасымыз көпұлтты кішкентай ассамблея,- деп сөзін аяқтады Наташа Владимировна.

Ұлытау ауданы — түрлі ұлттар мен ұлыстардың тату-тәтті өмір сүріп жатқан шаттық мекеніне айналған. Аудан орталығында орналасқан Иманжан көшесі нағыз «кіші Ассамблея» десек, артық айтқанымыз болмас. Бұл көшеде қазақ та, орыс та, шешен де, неміс те, татар да тұрады. Бірақ, мұнда ұлтқа бөліну жоқ. Бәрі бір үйдің балаларындай.

Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы азаматтық қоғамның барынша дамыған бір саласына айналды. Мәселен, ҚХА Төрағасының бірінші орынбасары Ералы Тоғжановтың айтуынша, бүгінгі таңда Қазақстанда 820 этномәдени бірлестік жұмыс істесе, Ассамблея мен этномәдени бірлестіктердің активі 67 мыңнан астам адамды қамтиды. «Елбасының тапсырмасы бойынша аймақтық әкімдіктердің жанынан ақылдасу-кеңестік орган ретінде құрылған Қоғамдық келісім кеңестері Ассамблеяның Елбасы айқындап берген жалпыхалықтық институт мәртебесін айшықтай түседі. Себебі, ауыл, аудандардағы әртүрлі ұйымдардың басын бір арнаға тоғыстыратын, қоғамда туындайтын негізгі сауалдардың барлығымен айналысатын осы кеңестер. Бүгінде еліміздің барлық аймақтарында түрлі деңгейдегі 1035 қоғамдық келісім кеңесі табысты жұмыс істеуде. Ассамблеяның жанынан құрылған Отбасында толеранттық тәрбие беру жөніндегі Аналар кеңесі еліміздің ең басты құндылықтары - татулық пен тұрақтылықты ұрпақ жадына сіңірудің тиімді тетігі ретінде өз жұмысын бастады», - дейді Ералы Тоғжан.

Шындығында, Қазақстан халқы Ассамблеясы Конституцияның 20 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы секілді мемлекеттік маңызды мерейтойлар қатарында аталып тұр. Қатарында аталып қана тұрған жоқ, тұтастай бір жылды осынау бірегей институтқа арнағалы отырмыз. Ендеше, бұндай органға осыншама мемлекеттік мән беретін оның

ерекшелігі не? Мәселені осы тұрғысынан алсақ та Ассамблеяның қоғамдағы орнының маңыздылығын мейлінше түсінер едік. Өйткені, Ассамблеяның басты ұраны - Ел бірлігі! Ал бірлік болмайтын жерде береке де, тірлік те болмайтыны бесенеден белгілі, бұл жайында бабалардан қалған даналық ой, асыл сөздер де жеткілікті. «Бақ қайда барасың? Бірлігі жарасқан елге барамын!» демеп пе еді сондай даналықтың бірі. Түптеп келгенде, Тәуелсіздік жылдарынан беріге қарай жеткен әрбір жетістіктің, асқан әрбір асудың өзегінде - елдегі тыныштық пен тұрақтылық, бейбітшілік пен бірлік жатқаны да ақиқат.

көрінісіне айналуы тиіс. Қазақстан - бір ел, бір халық, бір болашақ. Сондықтан Ассамблея жылының басты идеясы - «Менің елім - мәңгілік ел!», - дейді Мемлекет басшысы Н. Назарбаев өз құттықтауында.

Бұл шара Ұлытау ауданында да кеңінен атап өтілді. 6 ақпан күні аудандық Мәдениет үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы салтанатты түрде ашылды. Салтанатты жиын ауданымыздағы өзге ұлт өкілдерінің халыққа, елге деген ыстық лебізімен дайындалған арнайы сюжетпен басталды. Аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен салтанатты шарада аудандық аумақтық басқарма басшысы С.Григорьев туған тілі неміс тілінде ән шырақад. №1 Ұлы-

— Менің анам Қазақстанға 2 жасында 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, жаппай көшіру кезінде келген. Әжем өзінің 9 баласымен Поволжье республикасынан осында қоныс аударған. Көшіп келген кездерінде көп қиындық көріпті. «Қазақ деген ұлттың дархандығы болмаса, балаларым о дүниелік болар ма еді», - деп үнемі қазақ ұлтына алғысын айтып отырыпты әжеміз. Ал әкеміз Қырымнан 1953 жылы Қазақстанға қоныс аударған. Осы Ұлытау ауданына келіп, анамыз екеуі танысып, шаңырақ көтерген. Біз осы мекенде дүниеге келдік. Ұлтым — неміс. Жолдасымның ұлты — орыс. 5 баламыз бар. Қызымыз қазаққа күйеуге шықты. Ұлымыз латыш қы-

Мерей



ӘРІШТЕСКЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Мұханның да қосқан азды-көпті үлесі бар.

Жақында Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайының ұжымы мұражайдың жанашыры Мұхтар Дәуітовті 60 жасқа толу құрметімен құттықтап, сый-сияпат жасады. Ұлытау, Жезді өңіріне есімі танымал әріптесіміз бұған дейін Жезді аудандық «Октябрь туы» газетінің фототілші болып қызмет еткен еді. Бүгінде Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірі» газетінің Жезді кенті бойынша тілшісі.

Қаламы қарымды, көзі қырағы фототілші Мұхтар Дәуітов қазына өңірдің тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайына да қолдан келгенінше көмек көрсетуде. Аймақта өтетін іс-шараларды фотоға түсіру, мұражайға жәдігерлер жинауда

Мұражайда өткен марапаттау жиынын ашқан мұражай директоры Зейліп Қазанбаева әріптесін асқаралы 60 жасымен құттықтап, игі тілегін білдірсе, директордың орынбасары Рүстем Төрегелдин Жезді өңірінің жылнамасын жасауға, жәдігерлер жинақтауға қосқан үлесі үшін Мұхтар Дәуітовке алғысын білдіріп, қазақы дәстүрмен шапан жауып, бөрік кигізді.

Жиында сондай-ақ, мұражай кәсіподақ ұйымының төрағасы және мұражайдың ғылыми қызметкері Зәбира Ыбраева өзінің ақжарма тілегін білдіріп, ұжым атынан ескерткіш сыйлықтар табыс етті.

Жиын соңында мерейтой иесінің құрметіне дастархан жайылып, тәтті торт қойылды.

ЖАС КЕЛСЕ – ІСКЕ

“Қазақстанның болашағы — жастардың қолында”, деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы сенім артқан, жігерлі жас мамандар ауыл мектептеріне жұмысқа орналасты. Еліміздің келешегі - жастарға жағдай жасау, оларды тәрбиелеу, дұрыс жолға бағыттау аға буынның алдындағы бұлжымас парызы, міндеті. Бүгінде ұстаздық мамандықты серік етіп, осы саланың қиын да қызықты тұстарын қатар басып жүрген, өз ісінің білікті де білгір маманы Тұрғымбаева Қымбат Мұхамбетрахымқызы мектебімізге келген жас маманның бірі. Өзінің еңбек жолын ең алғаш

барып 3-орынға ие болды. Биылғы оқу жылында да оқушылары олимпиадаларға қатысып, арнайы жүлделерге ие болды. Өз білімін тексеріп, білмегенін жетілдіру мақсатында Қымбат Мұхамбетрахымқызы үнемі республикалық қашықтық олимпиадаларына қатысып аудан бойынша жоғарғы нәтижелер көрсетіп жүр. Оқушыларының жетістіктерімен мектеп беделін көтеруге атсалысып жүрген Қымбат мұғалім биылғы оқу жылында 8-сыныптың жетекшісі. Сынып жетекшісі ретінде де талай істерді қолға алды. Сынып оқушылары қандай іс-шара болмасын бөрінен



біздің мектепте биология пәнінің мұғалімі болып бастаған ол, қазіргі таңда оқушылардың сүйікті ұстазы, ата-аналардың білікті маманы, білгір мұғалімі, ұжымның сыйласар әріптесі болып отыр. Әрқашанда абырой биігінен көрініп жүрген жас ұстаз өз ортасына сыйлы әрі беделді.

“Жас келсе – іске” демекші, Қымбат алғаш келген күннен бастап аянбай еңбек етуде. Олардың нәтижелері де, жетістіктері де аз емес. 2013-2014 оқу жылында оқушысы Жаңабай Еркеназ биология пәнінен аудандық олимпиадаға қатысып 1-орын алып, Қарағанды облысына

үздік атанып келеді. Балаларының барлығы білімді, жан-жақты дамыған. Білім марафондарына, спорттық жарыстарға қатысып алдыңғы қатар орындарын иеленуде. Кентіміздің мектебіне қызметке келген жас маман Қымбат Мұхамбетрахымқызы аз уақыттың ішінде мектебіміздің ғана емес, сонымен қатар кентіміздің мақтанышына айналып үлгерді. Алдағы уақытта да бұл жас маман иесіне еңбегін жана берсін демекпіз.

С. АҚДӨУЛЕТОВА.
Қарсақбай кенті.

«САРЛЫҚТЫҢ САРАСЫ» АТАНҒАН

Сәрсенкүл Ақпанбастова — 70 жаста

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Сарлық деп отырғаным кәдімгі Аманкелді селолық округінің орталығы. Ал, Сәрсенкүліміз — Әшік. Кәдімгі, ел «әнші Әшік», «әртіс Әшік» атап кеткен Әшік тәте. Сәрсенкүл оның азан шақырып қойған аты. Бірақ, ел оны Әшік деп атайды. Сәби кезінде үлкен әжелерінің бірі солай атап кетіпті. Содан ел жадында да, өз санасында да сол есім жатталып қалса керек. Ал, Сәрсенкүл деген аты тек ресми құжаттарда ғана жазылған.

Ал, ол неге Сара атанған? Сара кім? деген де заңды сұрақтың туындауы мүмкін. Айттайын. Сарамыз кешегі Біржанмен айтысатын ақын Сара. Ал, Әшіктің Сара атануы өз алдына үлкен бір әңгіме...

Өз ісінің маманы

Әшік тетеміз Ұлы Жеңіспен түйедей құрдас. Биыл жетпістің айдынына желкенін жайып отыр. 1945 жылдың қаңтар айында дүниеге келіпті. Арада төрт ай өткенде күллі әлемді қан қақсатқан қанқұйлы фашизм өз ұясында талқандалып, тарихтағы ең бір қырғын соғыс ретінде ел жадында қалған Ұлы Отан соғысы аяқталды. Жеңіс таңы атты.

Екі қыз бір ұлдың кенжесі болғандықтан ба әкесі Асқар Әшікті өзге балаларынан ерекше жақсы көрді. «Бұл қызымды отыз ұлға да айырбастамаспын» — деп отыратын деп еске алады Әшік тәте өзінің балғын балалық шағы туралы әңгімелегенде.

— Өмірдің шырғалаңын көп көрген әкем Асқар баланы байлыққа, тірліктің мәніне балаған жан еді. Перзенттерін жанындай жақсы көріп, еркелетіп өсірді. Біздің ел қатарлы оқып, білім алуымызға, қатарымыздан қалмай киініп, бой түзеуімізге барын салды. Әуелде Қорғантаста мал бағып жүрді де, кейін Сарлыққа көшіп келді. Бізді оқытты, тоқытты. Соның арқасында мен де Жезқазғанның совхоз техникумына оқуға түсіп, есепшілік мамандық алып шықтым, — дейді Әшік тәте.

Бухгалтерлікті бітіргенімен Әшік бұл салада ұзақ жұмыс істеген жоқ. Ол кезде ауылда радист деген жоқ еді. Ауданмен де, фермалармен де тек осы рация арқылы шығып, хабарласып тұратындықтан, осы іске тыңғылықты, білікті маман қажет болды. Сол уақыттары оқу бітіріп келген жас маман осы Әшік болғандықтан совхоз басшылары оны арнайы курста оқытып алды да, рацияға байланысшы етіп байлап қойды.

«Мен бұл жұмысты істемеймін. Маған ұнамайды» деген жоқ ол кезде. Партия мен комсомол қайда жіберсе сен сонда баруға тиістісің. Тәртіп солай. Сол тәртіп Әшіктің де ештеңеге мойнын бұрғызбады. Содан, кейін совхоз тарап, шаруашылықтар ыдырағанға дейін осы салада тер төкті. Ауыл шаруашылығының қат-қабат келіп жататын науқандық жұмыстары кезінде бригадалардан, фермалардан ақпараттар жинап, оны аудандық ауыл шаруашылығы басқармасына

жіберіп отыру осы Әшіктің міндеті еді. Одан қалды жедел хаттар мен небір құпия хабарлар да Әшіктің қолынан өтетін. Бір сөзбен айтқанда совхоздың көзі мен құлағы болды.

Қанша ерке болса да Әшік әке-шешесінің қас-қабағын бағып өсті. Олардың тағылымды тәрбиесінен шет шыққан жоқ. Сондықтан да болар, өз ісіне ұқыпты, берілген тапсырмаларды мінсіз, уақытылы орындап отырды. Әрине, ол еңбектері елеусіз қалған жоқ. «Жұмыс істесең Әшіктей істе» деген әңгіме де жиі айтылып, өзгелерге үлгі бола білді. Ол шын мәнінде өз ісінің маманы болды.

қарып түсер қылпыдап тұрған бұла қыз өз рөлін тамаша сомдай алды да.

Асылында, драмалық шығарманың екі өмірі бар. Бірі баспа жүзіндегі әдеби өмірі болса, екінші өмірі жөне жанданып, толысып шығатын негізгі өмірі сахнада. Әдеби негізі тамаша жасалған Қамар сұлу образына — актерлық арнайы білімі болмаса да Әшік тәте тамаша әрмен екінші өмір берді. Ол кездегі көрермен Қамар сұлу образын осы Әшік жасаған бейнеден бөлекше көзге елестете алмайтын.

Актер өз кейіпкерінің іші мен сыртын бірдей ашуға тиіс. Бұл айтар

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Сәрсенкүл (Әшік) АСҚАРҚЫЗЫ!

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз!

Сіз, өзіңіз айтқандай жұбайлық қысқа ғұмырда отағасыңыз марқұм Ерғали ағамен өнегелі өмір сүріп, өмірге ұл-қыз әкелдіңіз. Бүгінде бақыттың бағында ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, немере, жиендеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалыптарыңызды сақтап келесіз.

Еңбекте де қажыр-қайратыңыздың арқасында талай абырой биігінен көрініп, ұрпағыңызға үлгі болар абзал жан ретінде өзіңізді танытып жүрсіз.

Бүгінгі 70 жасқа толған мерейлі мүшел тойында өзіңе денсаулық, ұзақ ғұмыр, өулетіңе баянды бақыт тілейміз!



Игі тілекпен :
Аманкелді селолық округінің әкімдігі.

Сахна саңылағы

Сахна деген киелі жер. Ал сол киелі орынның саңылағы болудың салмағы қаншалықты екенін айтып жатудың өзі артық шығар. Ендеше оны орынсыз пайдалану да опа бермесі анық. Десек те, Әшік тәтемізді дәл осылай атауға толық негіз бар.

Егер, оқырман қауымның есінде болса, біз әңгімеміздің басында ел оны «әнші Әшік, әртіс Әшік» деп атайды дегенбіз. Бұл сөздің түп төркіні де сол сахнадан шығып жатыр.

Сонау алпысыншы жылдардың бел ортасында Аманкелді ауылына Өлен Әлімбетов деген азамат басшылық қызметке келді. Іскер жігіт тек ауылдың экономикасын ғана көтеріп қоймай, мәдени өмірінің де жаңа арнаға түсуіне ықпал етті. Сол жылдары ол ауылдағы өнерлі жастардың басын қосып, театр үйірмесін құрды. Сол үйірменің күшімен ауыл сахнасында «Қамар сұлу» драмасы қойылды.

Өлен Қамар сұлудың рөліне бірден осы Әшікті таңдап алды. Тиіп кетсең қызыл шоқтай

ауызға ғана оңай. Шынтауытқа келгенде образдың ішкі сыры мен оның сырт көрінісінің үндес-үйлесімін, жарастығын табу — әр актердің қолынан келе бермейді. Міне, сол шеберлікті ауыл әртісі Әшік тәте көрсете білді.

Әшік әртіс қана емес, дарынды әнші де. Ел оны осы қырынан да танып білді. Сол, алпысыншы жылдардың соңында ауылда ән-би ансамблі де құрылды. Оған бүгінде өнердің биік белестерінен көрініп жүрген дарынды азамат Марат Шоқтаев жетекшілік жасады. Аз ғана уақыт ішінде ауыл өнерпаздары облыстық, республикалық деңгейіндегі үлкен-үлкен сахналардан өнер көрсетіп, елдің шынайы бағасын алып үлгерді. Соның бел ортасында Әшік те жүрді. «Жығылсаң нардан жығыл» деді ме, Марат бір концертте үлкен сахналарда, білікті әнші-әртістердің ғана тісі бататын «Біржан-Сара» операсынан үзінді әзірлеуді қолға алды. Біржанды Қуанышбек Жұмаділдин, Сараны Әшік Ақпанбастова сомдайтын болды.



Дайындық басталып кетті. Опералық ариялар әшейін ән айту емес. Кейіпкеріңнің образын сол арияны орындау арқылы жеткізе білуің керек. Бұл жерде әншілікпен бірге актерлік шеберлік те керек. Әшік бұл биікті де бағындыра білді. Кейін ару Алматыдағы Республика сарайында өнер көрсеткен ауылдың көркемөнерпаздар үйірмесі осы «Біржан-Сара» операсынан үзіндімен ашылып, талғамы жоғары көрерменнің тандайын қақтырды. Сол жолы да Сараның ариясын шырқаған Әшік тәтемізге ел тікесінен тік тұрып қол шапалақтап, қошемет көрсетті. Сол жолы ауыл өнерпаздары «Сарлық самалы» деген ат алып, халықтық ансамбль болып оралды ауылға.

Бір бұл емес, совхоз, аудан, облыс көлемінде өтетін өнер байқауларында «Сарлық самалы» халықтық ансамблінің шоқтығы биік болып жүрді. Сол өнер байқауларында сахнада тамылжыта ән салып, талай кейіпкерлердің бейнесін сомдаған Әшік тәтеге ел сүйсіне қол соғатын.

Әйел бақыты

— Әйел бақыты дегенді әр кім әртүрлі түсінеді. Біреулер оны қызметімен, енді біреулер өнерімен байланыстырып жатады. Мен үшін әйел бақыты — оның отбасы. Мен отағасым Ерғалимен бар-жоғы жиырма жылдай ғана отастым. Жан жарым, балаларымның әкесі небары қырық жылдай ғана өмір сүрді. Осы қысқа ғұмырда мен жар қызығы, бала қызығы дегенді сезіне алдым. Өттең, соның келте болғаны жаныма батады, — деп көзіне жас алды Әшік тәте өзінің отбасы өмірі жайлы әңгіме қозғағанда.

Қай бойжеткен өзінің болашақ жарының келбетті, өзгелерден оқ бойы озық жүргенін қаламайды дейсің. Әшік те сондай жігіт іздеді. Тапты да. Ауылда жанар-жағармай тасушы болып жұмыс істейтін Ерғали Тілеубаев деген жігітті ол құлай сүйді. Ауылдың азаматы, бірге өскен сыралғы жігіт. Ең бастысы, оның өзге жігіттердей ішімдегіні тап деп тымырайып жүрмейтіндігі,

ақжарқын, ақкөңілділігі.

Ерекең шын мәнінде сымбатты, сырбаз жігіт еді. Білмейтін кісі оны совхоздың бас мамандарының бірі деп қалатын. Киген киімінде бір қылау болсайшы. Жанармай таситын машинаның шопыры тұрмақ, қазіргі шетелдің жұтынып тұрған джиптерін мінетін жігіттер де олай киінбейтін шығар.

Келбетінің өзі бөлек еді. Сұңғақ бойлы, қою шашы бұйраланып тұратын, аққұбаша жігіттен ауылдың көп қыздарының үміті бар болатын. Өнерден де құралақан емес. Сыңғырлаған дауысы тыңдаушысын еріксіз өзіне баурап алатын.

—Отбасы бақыты байлықпен, тұрмыс рахатымен келмейді, тек түсіністікпен келеді. Ерекең екеуіміз ата-анамызға, соңымыздан ерген бауырларымызға көп қарайластық. Өзімізде де бес бала болды. Өкінішке орай, сол балаларының қызығын көре алмай кетті, — дейді Әшік тәте терең күрсініп.

Бүгінде балаларының бәрі өмірден де өнерден де өз орындарын тапқан. Астана қаласында тұратын қызы Жадыраның «Ұлытауым», «Жаңа жыл» деген әндері бар. Ұлы Аян ауылда шаруа қожалығын ұстап отыр. Қырмызысы мен Әдемсі де ел аузында жүрген балалар. «Тәрбие мәселесінде ең маңыздысы — отбасының татулығы мен ауызбіршілігі» — деп есептейді Әшік тәтей. Жолдасы Ерғали аға екеуі тіршілікте шай десіп көрмеген жандар.

— Біз: «Отбасында әркім өз орнында болуы тиіс» — деген ұстаныммен ғұмыр кештік. Келін ретінде ата-енені қадірлеп, жар ретінде үйде де, түзде де азаматының абыройын ойлай білген әйел ешқашан қор болмайды. Әйел күйеуін сыйлап, балаларына да кішкентай күнінен соны үйретіп, олардың алдында әрдайым әкенің беделін асқақтатып, «папаң айтты» — деген бір ауыз сөзді үй-ішінде бұлжымас заңға айналдыра білсе — бақыт оны өзі іздеп табады, — дейді Әшік тәте.

Қоғам. Адам. Заң

Сот тынысы

БАСПАСӨЗ МӘСЛУХАТЫ ӨТТІ

26 қаңтар, 2015 жылы Ұлытау ауданының №2 аудандық сотында баспасөз конференциясы өтті. Оған «Ұлытау өңірі» газеті редакторының орынбасары, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі М.Машайықов, судья Ж.Жапарова, сот қызметкерлері, кент әкімі Б.Әбдірайымов қатысты.

Күн тәртібінде Ұлытау ауданының №2 аудандық сотының 2014 жылы атқарған жұмысы жөнінде М.Жұмажанов хабарлама жасады.

—Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың назарынан сот жүйесінің даму мәселелері ешқашан тыс қалған емес. ҚР Президенті өзінің сөзінде: «Әділ, сатылмайтын сот демократиялық және құқықтық мемлекеттің аса маңызды негізі. Егеменді Қазақстанның басты жетістіктерінің бірі—бұл соттар мен судьялардың тек формальды—заңда ғана емес, сонымен қатар нақты тәуелсіздікте болуы»,—деп атап көрсетті. Атқарылып отырған іс-шаралардың нәтижесінде сот жүйесі іс жүзінде ашық және қолжетімді, қарапайым, барлық дауды тез шеше алатындай дәрежеге жетуде. Елбасының 2014 жылғы 11 қарашада Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы жол—болашаққа бастар жол» атты Жолдауы негізі экономиканы қарқынды дамытуға бағытталған. Онда нақты талаптар қойылған. Сот жүйесі де осы Жолдауда айқындалған басым бағыттарды сот төрелігін атқаруда басшылыққа алып отырады. Себебі, әділдік болмаған, сот төрелігі тура айтылмаған мемлекетте қоғамның дамуы, экономиканың өркендеуі мүмкін емес.

2014 жылы аудандық сот бірқатар жұмыстар атқарды. Сот өндірісінде 12 адамға қатысты 10 қылмыстық іс қаралды. Ал, 2013 жылы сот өндірісінде 31 адамға қатысты 20 қылмыстық іс қаралған болатын. Ауыр қылмыстар бойынша өткен жылы 2 іс қаралды. Сонымен өткен жылы қаралған қылмыстық істер саны 50 пайызға азайған. Қоғамдық резонанс тудыратын, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер 2014 жылы қаралмаған. Өткен жылдың 12 айында аудандық сотпен санкциялауға қатысты бір материал қаралып, берілген ұсыныс қанағаттандырылды. 1 адам қамауға алынды. 2014 жылы 92 азаматтық іс аяқталды, оның ішінде 71-і шешім шығарумен, сырттай 4 шешім қабылданған. Ал, 2013 жылы 42 азаматтық іс бойынша шешім шығарылған.

Барлық аяқталған істер саны 55 болатын. Қаралып аяқталған істер бойынша саны 2014 жылы 37 іске көбейген.

Әкімшілік істер 2014 жылы 50 адамға қатысты, ал 2013 жылы 57 адамға қатысты әкімшілік істер қаралған. Сонымен 7 адамға өткен жылы әкімшілік істер саны қысқарған. Әкімшілік жаза тағайындау барысында 15 адамға әкімшілік қамау жазасы тағайындалған. Ал, көлікті алкогольмен мас күйінде жүргізген адамдардың барлығы көлік жүргізу құқықтарынан айырылған. 2014 жылы қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бойынша шығарылған сот актілері өзгертіліп бұзылғандары және әуре-сарсаңға салынып, ұзақ уақыт қаралғандары жоқ. Мезгілінде шешімдер шығарылған.

Қазақстандық сот жүйесі ғаламдық бәсекеде қабілеттілік рейтингі бойынша алға жылжуда. Аудандық сот Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Сот төрелігін атқаруда сапалы жұмыс істеу керек» дегенін әрқашан басшылыққа ала отырып, жұмысты жақсартуға бар мүмкіншілікті пайдаланады. Сотта 2014 жыл бойы белгіленген уақыттарда «Ашық есік» күндерін өткізіп тұрды. Биыл да бұл жұмыс жалғаса береді. Ақпарат құралдарымен тығыз байланыс жасап отырамыз. Сотта өткен шаралар аудандық газетте үзбей жарияланып отырады. Мұнымен қатар, сотта азаматтарды қабылдау күндері белгіленген. Алыстан келген азаматтар болса, кезексіз сот төрағасы, ол жоқ болғанда сот төрағасының міндетін атқарушы судья қабылдау жүргізеді. Аудандық сот өткен жылы бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста болды. Судьялар жазған мақалалар жергілікті және облыстық, республикалық басылымдарда жарық көрді. Олардың басым көпшілігі сот жүйесінің дамуына негізделген.

Ауданның №2 аудандық сотының төрағасы М.Жұмажанов қойылған сұрақтарға жауап берді.

Өз тілшіміз.

СЕМИНАР САФАТЫ ӨТТІ

2015 жылдың ақпан айының 6 жұлдызында Қарағанды облысының Ұлытау аудандық сотында «Сот кабинеті» тақырыбында семинар сабағы өтті. Семинар-сабаққа сот төрағасы С.Сағатов, кеңсе жетекшісі С.Бұхарова, Ұлытау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының м.а. Б. Дүзбаев, Ұлытау ауданы әкімі аппаратының маманы Ш.Абитова, Ұлытау ауданы Әділет басқармасының маманы М.Ершұманов, Ұлытау аудандық Халыққа қызмет көрсету орталығының маманы Н.Әуесханова және аудандық соттың мамандары қатысты.

Аудандық соттың кеңсе меңгерушісі С. Бұхарова өз баяндамасында, сот кабинеті — сот органдарының онлайн сервисі мен қызметіне қол жеткізуге арналған бірыңғай жүйе болып табылатынын, сот өндірісінің қызметін жеңілдетуге, сондай-ақ, азаматтардың уақыты мен қаржысын, бюджет қаражатын үнемдеуге, азаматтардың сот ақпаратына қолжетімділігі мен

ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталғандығын тілге тиек етті.

Семинар барысында ҚР-ның Жоғарғы сайты арқылы талап-арыздарды беру, хаттамаға электронды ескертулер беру, электронды өтініш беру, хаттама көшірмесін ұсынуға арыз беру сынды сот жүйесінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндіктерін кеңінен түсіндіріп, тиімділігіне тоқталды, сонымен қатар, e-gov электронды порталына өтініш беру арқылы электронды цифрлық қолтаңбаны алу тәртібін түсіндіріп өтті.

Семинар-сабақсоңында сот төрағасы С.Сағатов іс-шараға қатысушыларға алғысын білдіріп, алдағы уақытта талап-арызды «Сот кабинеті» нұсқаулығы арқылы тапсырып, уақыттарының үнемделетінін, сондай-ақ, бұл бастама халық үшін де өте тиімді екенін айтып, осы бағытта белсене жұмыс істеуге шақырды.

Ұлытау аудандық сотының баспасөз қызметі.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытына» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Құқықтық саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғау құқығын жүзеге асыруы болып табылады. Бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыруы болып табылады. Бұл үшін сот төрелігін жүзеге асыру процесін оңтайлату, оны басы артық бюрократиялық рәсімдерден арылтуы керек. Сонымен бір мезгілде соттардың жұмысын жеңілдету мақсатында дауларды соттардан тыс реттеу институттарын дамытуды жалғастырған жөн. Болмашы мәселелер бойынша дауларды шешу соттардан тыс тәртіппен жүргізілетіндей жолдарды қарастыру қажет» деп көрсетілген.

Елімізде дауларды шешудің қосымша әдісі ретінде 2011 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы жария етілді. Аталған Заң жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық жеке өзге де құқық қатынастарынан, сондай-ақ, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізуі барысында және де сотқа дейінгі дауларды шешуге, сонымен қатар, атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар бойынша қолданылады. Әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың мүдделеріне

мақ. Яғни тарапты қанағаттандыру негізінде жүргізілген келіссөз рәсімі. Медиация деген сөздің мағынасын екі жақты татуластыру рәсімі деп түсіндіруге болады. Медиация институты қазақ қоғамына жат емес. Ұлтымыздың тарихында билер институты болған. Азаматтар арасында туындаған дау-дамайларды билер, шешендер немесе беделі бар жергілікті ақсақалдар әділ шешіп отырған. Билердің негізгі шешетін мәселесі келген шағымды қалпына келтіріп, дауласушыларды бітімге жеткізу болып табылған.

«Медиация туралы» Заңының күшіне енгеніне үш жылдан артық уақыт өтсе де ол кең

МЕДИАЦИЯ ЗАҢЫНЫҢ ҚОЛДАНУ ТИМДІЛІГІ

қатысты, тараптардың бірі—мемлекеттік орган болып табылатын дауларға, сыбайлас жемқорлық қылмыстар, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы істер бойынша қолданылмайды. Сондай-ақ, медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, жүргізу қағидаттары мен рәсімін, сондай-ақ, медиатордың мәртебесін анықтайды.

«Медиация» сөзі латын тілінен аударғанда «делдар, екі тарапты мәмілеге келтіруші үшінші тұлға» деген мағынаны білдіреді. Медиация тәсілі сот жүйесіндегі әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы бол-

көлемде қолданылмай отыр. «Медиация» Заңы жұмыс істеу үшін басқа қолға алатын мәселе—бұл ақпараттандыру. Іс қарауды соттар мен тараптарға медиация тәртібінің пайдалану құқығы түсіндіріледі. Алайда, бұл жеткіліксіз. Егер адамдарға медиаторлар кім, олар немен айналысады, медиация деген не және оның өмірде қажеттілігі туралы көбірек ақпарат берілсе, азаматтар шешілмеген дауларын медиатор келісім арқылы шешуге жүгінер еді деп ойлаймын.

А.УӘЛІБЕКОВ,
аудан прокуроры.

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ — ДЕМОКРАТИЯНЫҢ БІР КӨРІНІСІ

Мемлекеттік Гендерлік саясат елдің ішкі саясатының маңызды құраушысы болып табылады, ол базалық гендерлік заңдарға және Мемлекет басшысының Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясына сәйкес іске асырылады. Онда мыңжылдық даму мақсаттары мен әйелдерге қатысты кемсітудің барлық түрін жою туралы конвенцияның ережелеріне орай Қазақстанға арналған гендерлік индикаторлар анықталды.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың мәселесін қаузап жүрген мамандар отбасындағы қысым сол елдің мәдени-экономикалық дамуына немесе наным-сеніміне байланысты емес, бұл жекелеген адамдардың ерекшеліктеріне қатысты құбылыс дейді. Алайда, әр адам мемлекеттің азаматы, яғни қоғам мүшесі болғандықтан, оны қандай да бір қауіп-қатерден қорғау да мемлекет мойнына жүктеледі. Соңғы жылдары отбасында жөбір көру оқиғаларының жиілеп кеткендігі көп айтыла бастады. Ішкі істер министрлігінің мәліметі бойынша, жыл сайын елде ондай мыңдаған оқиға тіркеледі. Алайда, күнделікті отбасылық өмірде ыдыс-аяқ сылдырамай тұрмайды десек те, ең масқарасы сол, кикілжің түбі — қазаға апарып, жыл сайын республикада 500-ге тарта әйел азаматшалар көз жұматын көрінеді. Жалпы, еліміздегі әйелдердің 60 пайызы ауыр жудырықтың «дәмін» татып, таяқ етінен де, сүйегінен де өткендер дейді сарапшы мамандар. Қазақстан бойынша жыл сайын шамамен 20 мыңға жуық әйел зорлау дерегі тіркелетін көрінеді. Бұл дегеніміз Қазақстандағы 8 миллион әйелдің әрбір 400-нің бірі зорлық құрбаны болады деген сөз. Жалпы, дағдарыс орталығы одағының зерттеулері көрсетіп отырғандай, елімізде әр үшінші әйел таяққа жығылады, ал әр бесінші зорлаудың құрбаны болады екен. Сондай-ақ, адам саудасындағы «тірі тауардың» 80 пайызын да осы әйелдер толықтырып отыр.

Қазіргі таңда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өзектілігі соншалық, Қазақстанда әлімжеттіктің құрбаны болған жандар үшін Арнайы Дағдарыс Орталықтары жұмыс істейді. Оған қоса ішкі істер органдарында арнайы бөлімшелер де бар.

ІІМ-нің аумақтық бөліністері тұрмыстық қарым-қатынас саласында жасалатын зорлық-зомбылық деңгейін, нысандары мен тәсілдерін зерделеу мақсатында сауалнамалар, зерттеулер жүргізгенде, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың көпшілігі әйелдерге қатысты болатындығы дәлелденген. Бірақ арамызда ерінен таяқ жей берген соң әйелі заңды түрде ажырасып, кейін бұрынғы күйеуінің есік алдына

келіп тұрып не телефон арқылы қысым жасап, қорқытып, «асып кететінін, өлтіріп тастайтынын» айтып тыныш өмір сүруге мұрша бермейтін жағдайлар қаншама. Құқық қорғау органдары бұл жағдай да шарасыз. Ал сондай отбасында өсіп-жетілген баланың психологиясы қандай, олармен жеке жұмыс жасала ма, ұрыс-керіс, жанжалдың куәгері болып өскен, анасының талай таяққа жығылып жөбірленгенін көрген бала келешекте де өке әрекетін қайталайтыны ғылыми дәлелденген. Біз отбасындағы зорлықты қылмыс ретінде қарастырамыз, яғни, қылмыс жасаушы өз жазасын алу керек. Сондай-ақ, біздің тәжірибемізде олардың барлығына жөбірленуші мен жөбірлеушіге, осы оқиғаның куәгерлері — балалары мен туыстарына көмек көрсетілуі тиіс деген әдіс қолданылады. Құқық бұзушы міндетті түрде агрессияның тұтынуына қарсы терапиядан өтуі керек. Кикілжіңнен қалай шығу керектігін үйрететін психологиялық бағдарлама бар.

Бүгінде барыс бейнелі, баянды болашаққа бет түзеген тәуелсіз еліміздің тұғырын биіктетуде әрбір отбасының өмірі өзекті. Елбасы Жолдауында көрсетілгендей, ана мен бала денсаулығын жақсарту, әйелдердің қоғамдағы рөлін күшейту, азаматтардың намыс-қайратын жігерлендіру секілді толғақты мәселенің кейбір кемшіліктерін түзейтін уақыт жетті. «Тәрбие — талбесіктен» деген, осындай жауапкершілікті негіздеу, сенімді салмақтау бүгіннен басталғаны дұрыс. Өйтпесе, заңмен түзеу мүмкін емес. Кеш болған нәрсенің өкініші де ұзаққа созылады.

«Әйел — отбасы мен қоғамда құрметке ие болғанда еліміз үшін алаңдамауға болады» деген Елбасының сөзі де айнымас қағида екендігі даусыз. Себебі қай қоғам болмасын әйелдерге күллі жақсылық пен парасаттылық иесі деп қарай отырып, ұрпақ тәрбиесін әйел-анаға жүктеген. Дегенмен, елімізде әйел қауымына жасалып отырған жағдай өз нәтижесін беріп келе ме деген сұрақтың туындауы да заңды. Қарапайым тілмен айтсақ, әр отбасы мүшелеріне әсері қандай, әсіресе бала тәрбиесінде.

Неке мен отбасындағы гендерлік теңдікке қол жеткізу және оны сақтау үшін неке — отбасы құндылықтарын насихаттау, ұрпақтардың әлеуметтік және мәдени сабақтастығы болатын және қоғамның тұрақтылығы мен орнықты дамуының шешуші факторы болып есептелетін отбасы қарым-қатынастары тұрақты түрде реттелуі тиіс және бала тәрбиесінде әкелердің ықпалын күшейту қажет.

С.БҰХАРОВА,
Ұлытау аудандық сотының кеңсе меңгерушісі.

Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы Министрінің бұйрығы

5 желтоқсан 2014 жыл

№3-1/639

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 6 наурыздағы № 3-І/І33 «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 ақпандағы № І03 қаулысын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы» бұйрығының қол қойылған күні мен күні туралы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 ақпандағы № 103 қаулысын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 6 наурыздағы № 3-І/133 бұйрығының (Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 7 сәуірде № 9299 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігінің мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаментіне:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі бұйрығының күшіне енген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр **А. Мамытбеков**

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен өнім сапасын арттыруды жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидаларына 1-қосымша

Бюджеттік субсидиялар нормативтері			
№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге
Ірі қара мал шаруашылығы			
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	*
2.	Ауыл шаруашылығы малдарын қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы технологиялық жабдықтарды асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтармен сатып алу құнын арзандату	бірлік	*
Етті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды және селекциялық жұмысты жүргізу		
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы	бас	18 000
2)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы	бас	20 000
3)	жалпы табындарда етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу	бас	104 000
2.	Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара малды сатып алу***		
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, АҚШ-тан және Канадалан)	бас	200 000
3)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Еуропа елдерінен)	бас	154 000
4)	импортталған асыл тұқымды селекциялық ірі қара мал (Ресейден, Белоруссиядан және Украинадан әкелінген асыл тұқымды малды қоса есептегенде)		118 000
3.	Сыыр еті өндірісінің құнын арзандату:		
1)	1-деңгей	кг	300
2)	2-деңгей	кг	170
3)	3-деңгей	кг	100
4.	Бұқашықтарды субсидиялаудың бірінші деңгейіндегі бордақылау алаңдарына немесе операторға өткізу	бас	24 000
5.	Ірі, шырынды және құрама азық пен азық қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату	бас	*
Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы			
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу		
1)	асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы	бас	20 000
2)	жалпы табында сүтті және қос бағыттағы аталық-бұқаларды ұстап-бағу	бас	104 000
2.	Асыл тұқымды ірі қара малды сатып алу**		
1)	отандық асыл тұқымды ірі қара мал	бас	154 000
2)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Австралиядан, АҚШ-тан, Канадалан)	бас	235 000
3)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Еуропа елдерінен)	бас	154 000
4)	импортталған асыл тұқымды ірі қара мал (Ресейден, Белоруссиядан және Украинадан әкелінген асыл тұқымды малды қоса есептегенде)	бас	118 000
3.	Сүт өндірісінің құнын арзандату:		
1)	1-деңгей	кг	25
2)	2-деңгей	кг	15
3)	3-деңгей	кг	10
4.	Ірі, шырынды және құрама азық пен азық қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату	бас	*
Етті бағыттағы құс шаруашылығы			
1.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды тәуліктік балапандарды сатып алу	бас	300
2.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды инкубациялық жұмыртқаны сатып алу	дана	100
4.	Құс еті өндірісінің құнын арзандату:		
1)	1-деңгей	кг	70
2)	2-деңгей	кг	66
3)	3-деңгей	кг	50
4)	күрке тауық еті	кг	105
Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы			
1.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапандарды сатып алу	бас	120
2.	Отандық және шетелдік асыл тұқымды репродукторлардан ата-енелік нысандағы етті бағыттағы асыл тұқымды инкубациялық жұмыртқаны сатып алу	дана	50
2.	Жұмыртқа бағыттағы асыл тұқымды инкубациялық жұмыртқаны сатып алу		
1)	1-деңгей	дана	3
2)	2-деңгей	дана	2,6
3)	3-деңгей	дана	2
Шошқа шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды шошқаларды сатып алу	бас	15 000
2.	Шошқа еті өндірісінің құнын арзандату	кг	98
Қой шаруашылығы			
1.	Жеке қосалқы шаруашылықтарда қойлардың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру	бас	*
2.	Ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы технологиялық жабдықтарды асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтармен сатып алу құнын арзандату	бірлік	*
3.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу		
1)	тұқымдық түрлендірумен қамтылған аналық қой басы	бас	1 500
2)	асыл тұқымдық зауыттар мен шаруашылықтардағы асыл тұқымдық аналық қой басы	бас	1 500
4.	Асыл тұқымды тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу**	голов	8 000
5.	Қой еті (қозы еті) өндірісінің құнын арзандату:		
1)	1-деңгей	кг	200
2)	2-деңгей	кг	100
6.	Биязы жүні өндірісінің құнын арзандату	кг	130
7.	Ірі, шырынды және құрама азық пен азық қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату	бас	*
Жылқы шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу**	бас	40 000
2.	Жылқы еті өндірісінің құнын арзандату:	кг	92
3.	Қымыз өндірісінің құнын арзандату:	кг	60
4.	Ірі, шырынды және құрама азық пен азық қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату	бас	*
Түйе шаруашылығы			
1.	Асыл тұқымды түйелерді сатып алу	бас	37 000
2.	Түйе еті өндірісінің құнын арзандату	кг	90
3.	Шұбат өндірісінің құнын арзандату	кг	55
4.	Ірі және шырынды азықтарды сатып алу және дайындау бойынша шығындарды арзандату	бас	*
Марал шаруашылығы (бұғы шаруашылығы)			
1.	Асыл тұқымды маралдарды (бұғыларды) сатып алу	бас	30 000
2.	Маралдардың (бұғылардың) аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу	бас	*
3.	Ірі, шырынды және құрама азық пен азық қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату	бас	*
Бал ара шаруашылығы			
1.	Бал ара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу	бал ара ұясы	*

Ескертпе:

* субсидиялар нормативтері Министрлікпен келісім бойынша облыс әкімдігінің қаулысымен белгіленеді;

**асыл тұқымды және/немесе селекциялық малдарды сатып алу бекітілген нормативке дейін субсидияланады, бірақ сатып алу құнының 50% артық емес.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына 2-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға бюджеттік субсидияларды беруге үміткер ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерге қойылатын өлшемдер мен талаптар

Р/с№	Субсидиялау бағыты	Өлшемдер мен талаптар
1	2	3
1.	Ірі қара малдың аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу	1. Барлық малдарда бірдейлендіру нөмірлерінің болуы және олардың АЖС-да тіркелуі. 2. Ірі қара малдың барлық мал басының АТЖ-да тіркелуінің болуы. 3. Өсімін молайту үшін пайдаланылатын тұқымдық бұқаларға асыл тұқымды куәліктерінің болуы. 4. Тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малды өсірумен айналысатын тауар өндірушілер үшін қосымша: 1) зоотехникалық нормативтерге сәйкес етті бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды шағылыстыру кезеңі бойында және ротациялауда өсімін молайтуға пайдалану және бұрын өсімін молайту үшін пайдаланылмаған етті бағыттағы бірінші және екінші санаттағы тұқымдық бұқаларға алмастыру (отыз бас шағылыстыру контингентіне бір бұқадан кем емес, бұқаны қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау); 2) АЖС үзіндісіндегі ақпаратпен расталатын өсімін молайту үшін пайдалануға жол бермеу мақсатында осы тауарлы табынның барлық тұқымсыз бұқаларын піштіру; 3) Алынған бұқашықтардың жартысынан кем емесін бірінші және екінші деңгейлі өндірістегі бордақылау алаңдарына және/немесе дайындау ұйымдарына өткізу. 5. Етті және сүтті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара мал басын өсірумен айналысатын тауар өндірушілер үшін қосымша: 1) мал басын тиісті тұқым бойынша Республикалық палатада тіркеу; 2) тиісті тұқым бойынша Республикалық палатаның немесе тиісті тұқым бойынша Республикалық палата ұсынған жеке және заңды тұлғалардың консалтингтік сүйемелдеуі; 3) етті мал шаруашылығында: бірінші санаттағы асыл тұқымды мал табыны үшін - шағылыстыру контингентін ұрпағының сапасы бойынша бағаланған бірінші санаттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың ұрығымен қолдан ұрықтандыруда пайдалану және/немесе өсімін молайтуға тиісті тұқым бойынша Республикалық палата ұсынған, ұрпағының сапасы бойынша бағаланған бірінші санаттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды пайдалану; екінші санаттағы асыл тұқымды мал табыны үшін - шағылыстыру контингентін ұрпағының сапасы бойынша бағаланған бірінші санаттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың ұрығымен қолдан ұрықтандыруда пайдалану және/немесе өсімін молайтуға тиісті тұқым бойынша Республикалық палата ұсынған, ұрпағының сапасы бойынша бағаланған бірінші санаттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды пайдалану; 4) сүтті мал шаруашылығында – шағылыстыру контингентін ұрпағының сапасы бойынша бағаланған және тиісті тұқым бойынша Республикалық палата ұсынған бірінші санаттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқалардың ұрығымен 100 % қолдан ұрықтандыруда пайдалану.
2.	Қойдың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу	1. Барлық малдарда бірдейлендіру нөмірлерінің және олардың АЖС-да тіркелуінің болуы. 2. Қойдың барлық мал басының АТЖ-да тіркелуінің болуы. 3. Қойдың 300 бастан кем емес аналық мал басының болуы. 4. Тұқымдық түрлендірумен қамтылған қойды өсірумен айналысатын тауар өндірушілер үшін қосымша: 1) асыл тұқымды тұқымдық қойларды шағылыстыру кезеңі бойында зоотехникалық нормативтерге сәйкес және өсімін молайту үшін пайдалану және бұрын өсімін молайтуға пайдаланылмаған асыл тұқымды қойларды алмастыру (шағылыстыру контингентінің отыз басына бір қойдан кем емес, тұқымдық қойларды қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау) немесе аналық мал басын өз өнімділігі бойынша бағаланған асыл тұқымды тұқымдық қойлардың ұрығымен қолдан ұрықтандыруды пайдалану; 2) АЖС үзіндісіндегі ақпаратпен расталатын өсімін молайту үшін пайдалануға жол бермеу мақсатында осы тауарлы табынның барлық тұқымсыз бұқаларын піштіру. 3) қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін технологиялық жабдықтың болуы немесе дистрибьютерлік орталықпен бірлесіп отырып қойлардың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру (қолдан ұрықтандыруды пайдаланғанда). 5. Асыл тұқымды қойларды өсірумен айналысатын тауар өндірушілер үшін қосымша: 1) шаруашылық өсіретін қой тұқымы бойынша маманданған бейінді ғылыми ұйымның немесе ғалымның консалтингтік сүйемелдеуі; 2) аналық мал басын өз өнімділігі бойынша бағаланған асыл тұқымды тұқымдық қойлардың ұрығымен қолдан ұрықтандыруды пайдалану және/немесе өсімін молайтуда өз өнімділігі бойынша бағаланған асыл тұқымды тұқымдық қойларды пайдалану; 3) қолдан ұрықтандыруды жүргізу үшін технологиялық жабдықтың болуы немесе дистрибьютерлік орталықпен бірлесіп отырып қойлардың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды жүргізу (қолдан ұрықтандыруды пайдаланған кезде).
1	2	3
3.	Маралдардың (бұғылардың) аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу	1. Есептік жылдың 1 қаңтарында маралдардың (бұғылардың) мал басының 300-ден кем емес болуы. 2. Асыл тұқымды тұқымдық аталықтарды шағылыстыру кезеңі бойында және ротациялауда зоотехникалық нормативтерге сәйкес өсімін молайтуда пайдалану (шағылыстыру контингентінің отыз басына бір аталықтан кем емес, тұқымдық аталықты қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау). 3. Бейіндік ғылыми мекеменің немесе марал (бұғы) өсіруде маманданған ғалымның ғылыми-консалтингтік сүйемелдеуінің болуы.

(Жалғасы бар).

2014-2015 жылдардағы мүлкікті жариялау науқанының ерекшеліктері мен айырмашылықтары

«ҚР азаматтарының, оралмандардың және ҚР-да тұруға ықтиярхаты бар тұлғалардың мүлкікті жария етуіне байланысты оларға Рақымшылық жасау туралы» ҚР-ның Заңы 2014 жылғы 30 маусымда Мемлекет басшысымен қабылданып, ол 2014 жылғы 1 қыркүйекте қолданысқа енгізілді.

Осы Заңның күші 2014 жылғы 1 қыркүйекке дейін өздеріне тиесілі болған және өздері алған мүлкікті жария ететін және жария еткен жария ету субъектілеріне қолданылады. Мүлкікті жария ету мерзімі 2014 жылғы 1 қыркүйекте басталып, 2015 жылғы 31 желтоқсанда аяқталады. Мүлкікті (ақшадан басқа) жария етуге ұсыну үшін құжаттарды тапсыру мерзімі 2014 жылғы 1 қыркүйекте басталып, 2015 жылғы 30 қарашада аяқталады.

Бірінші кезекте, мүлкікті жария ету дегеніміз табыстарды жасыру мақсатында заңды экономикалық айналымнан шығарылған және (немесе) ҚР-ның заңнамасына сәйкес ресімделмеген не тиісті емес тұлғаға ресімделген мүлкікке құқықтарды мемлекеттің тану рәсімі екендігі белгілі. Жария етудің басты мақсаты – жария етілген капитал түрінде экономикаға қосымша қаражатты тарту болып табылады.

Науқан бар мүлкікті жария етуге және заңды айналымға енгізуге мүмкіндік береді. Осы науқанға қатысуға заңмен белгіленген тәртіпте мүлкікті жария ететін ҚР азаматтарының, оралмандардың және ҚР-да тұруға ықтиярхаты бар адамдардың құқығы бар. Сондай-ақ, жария ету туралы Заңмен жария етуге жататын мүлкікпен қатар, жария етуге жатпайтын да мүлкіктің барынша толық түсінігі белгіленген. Атап айтқанда, осы жария ету науқаны ҚР аумағынан тыс жердегі мүлкікті жария етуге мүмкіндік береді. ҚР-ның азаматтық заңнамасына сәйкес жылжымайтын мүлкік болып айқындалатын мүлкікке ұқсас мүлкік ҚР аумағының шегінен тыс жерлерде тұрған жылжымайтын мүлкік болып танылатындығын атап өткен жөн. Осы Заң мемлекеттің мүлкікті, оның ішінде бұрын жариялы экономикалық ай-

налымнан шығарылған ақшаны жария ету жөніндегі біржолғы акция өткізуіне байланысты, сондай-ақ ҚР азаматтарының, оралмандардың және ҚР-да тұруға ықтиярхаты бар адамдардың табыстары мен мүлкін декларациялауға көшуге байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді. Осылайша, мүлкікті жария ету қолда бар мүлкікті жария етуге және заңды айналымға енгізуге мүмкіндік береді.

Біріншіден, бұл алда тұрған жалпыға ортақ декларациялауға енгізумен байланысты, азаматқа кейін оны декларацияда қорықпай көрсетуі үшін мүлкін қазір жария етуге құқық береді. Екіншіден, шетелде орналасқан мүлкікті жария ету үшін мемлекет бюджетіне жария етілетін мүлкіктің құнынан 10 % көлемінде жария етілгені үшін алым түседі. Сонымен бірге, 2006 жылғы жария етуден айырмашылығы – заңды тұлғалардың осы жария ету науқанында жария ету субъектілері болып табылмайтындығы. Сонымен қатар, жария етілген мүлкікті ресімдеумен байланысты барлық шығыстарды жария ету субъектілері өздері көтереді. Мемлекеттік тіркелуге жататын жылжымалы мүлкікпен жер учаскелерінің жария ету құқығының болмауы кезекті айырмашылығы болып табылады. Өз кезегінде, осы Заң құрылыс нормалары мен қағидаларына, сондай-ақ өздері орналасқан, жария ету субъектісіне меншік құқығында тиесілі жер учаскесінің нысаналы мақсатына сәйкес келетін ҚР аумағында тұрған үйлер (құрылыстар, ғимараттар) осы жария ету науқанының тәртібі, шарттары, субъектілері мен объектілерінің бұдан бұрынғы өткізілген жариялау науқанынан айырмашылықтардың бар екенін көрсетеді. Осылайша, 2014-2015 жылдардағы мүлкікті жария ету науқанының нәтижелері алға қойылған міндеттерге қол жеткізіп және тиісінше, жария етілген капитал ретінде экономикаға қосымша ресурстар тартады деп санаймыз.

А. БРАЯҚОВА,
мүлкікті жария етуді өткізу
жөніндегі аудандық
комиссияның хатшысы.

«Нұрлы жолмен» — баянды болашаққа

МӘҢГІЛІК ЕЛ — ЕЛ МҰРАТЫ

2015 жылғы міндеттер ауқымен айқындалған Жолдауында ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан жаңа заманның жаһандық сындарына лайықты жауап қатуға мүмкіндік беретін «Нұрлы Жол» — болашаққа бастар жол» атты халыққа Жолдауы – ел тарихындағы аса маңызды тағы бір қарышты қадам деуге болады. Жолдауда біздің халқымызға тән құндылықтар мен жасампаздықты ерекше айтып өтті. Біз әр жаңа Жолдаудан жаңа көзқарасты, жаңа бастамаларды және жаңашыл саяси бағыт күтеміз.

Жолдауда «Жастар – біздің болашағымыздың тірегі. Мемлекет жаңа ұрпақ алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты» деп атап өтті. Жастар әрдайым жаңашылдыққа құмар бола отыра, ел бірлігі мен ынтымағының артуы үшін бар күштерін салары сөзсіз. Біз – бір халықпыз, біз елміз. Бұл – әр жастың көкейінде жүрген пікір. Ұлт Көшбасшысы «Жастар – біздің болашағымыздың тірегі» екенін баса айтады. Мемлекет жаңа буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды

ашты. «Нұрлы жол», міне, біздің креативті ырғақты жастарымыздың күш-жігер жұмсап, құлаш сермейтін тұсы осы!

Бұл Жолдауды әрбір қазақстандықтар білуі қажет. Тек біліп қана қоймай, оның аясында әрбір азаматқа қандай жауапкершілік жүктелгенін түсінген жөн, Жолдауда белгіленген басты бағдарламалар Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 ел қатарына кіруінің нақты жоспарын анықтауға мүмкіндік беретінін атап көрсетті. Елбасы өз жолда-

уында атап өткендей, «Нұрлы жол» атты жаңа Жолдауды мен Қазақстан дамуының жаңа экономикалық стратегиясы деп қабылдадым. Жолдауда әр жыл сайын Ұлттық қордан 3,5 млрд. доллар бөлініп, экономиканы дамытуға жұмсалатындығы айтылды. Мұны да Жолдаудың жақсы қыры деп бағалаған жөн.

Жалпыұлттық идеямыз — Мәңгілік елдің басты бағыты. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін — Елдің бірлігі.

Елбасы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев отандастарына арналған биылғы Жолдауында өзінің кеменгерлігі мен көрегендігін тағы да дәлелдеді деп ойлаймын.

Э. АҚБАСОВ,
Ұлытау аудандық
Қазынашылық
басқармасының басшысы.

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жылқы жылының қарашасында жария болған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы, жер-жерде халық ықыласына бөленуде. Біз қызмет ететін Ұлытау ауданы төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлері мен Қарағанды облысы ТЖД «ӨсжаҚЖҚ» ММ №2 жасақ №49, 48 ӨСБ-інде, Жолдауда көтерілген бағдарламаларды талқылауға байланысты жиын өтіп, кеңінен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 2015 жылдың 3-ші ақпан күні, «Нұр Отан» партиясының Ұлытау ауданы бойынша филиалы төрағасының орынбасары Ж.Бабатаев бөлім қызметкерлеріне, Жолдауда еліміздің барлық бағытта жемісті дамуы жайында нақты мақсаттар атап көрсетілгенін айтты. Дүние өте

шапшаң өзгерістер үстінде. Сондықтан да Елбасымыз «Нұрлы жол–болашаққа бастар жол» саяси жаңа жобасын ұсынды.

Ел тарихы есте қаларлық айшықты оқиғалармен толысып, тәуелсіз еліміздің іргесі бұрынғыдан да нығая түсті. Әлемдік экономикалық форум рейтингінде қазақ елінің өсу деңгейі көтеріліп, дүниежүзі мемлекеттерінің арасында өзіндік орны бар, тұғырлы мемлекет екендігін тағы бір атап көрсете білді. Сонымен қатар, алда халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесін Астанада өткізу тұр. Өрине, осының әрқайсысы–еліміздің 23 жылдан астам уақыт ішінде алған асулары мен биік белестері. Бұл–Қазақстанның әлемдік аренадағы ғаламат беделінің көрінісі.

Әрбір қазақстандық Елбасы-

ның жылдағы дәстүрлі Жолдауынан тың бастама, жаңа бағыт, жаңа міндеттермен қатар еліне, туған халқына деген жаңа қамқорлықтың, жақсылықтың нышанын күтеді. Жаңа қазақстандық патриотизм–көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі. Қазақстандық патриотизмнің тұғыры–көпұлтты еліміздің тегдігі мен бірлігінің, Отанға деген ортақ сүйіспеншілігінде жатыр. Біздің елімізде ұлт пен ұлыстарға қысым көрсетуге, этностық белгісі бойынша қысым жасауға, кемсітуге жол берілмейді. Біз жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыруымыз қажет.

Н.САБАҒАНОВ,
Ұлытау ауданы ТЖБ-нің
бас маманы, өртке қарсы
қызмет аға лейтенанты.

СЫБАЙЛАСТЫҚПЕН КҮРЕС КҮШЕҮЕ ТҮСУДЕ

ҚР-ның Елбасы Жарлығымен бекітілген 2014 жылғы 26 желтоқсан №986 ҚР-ның 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы құжаттың мақсаты, мемлекеттің жемқорлықпен күрес саясатын нығайту, қоғамды жемқорлықпен толықтай жұмылдыру және елдегі жемқорлық деңгейін төмендету. Мемлекет басшысы айтқандай, алға басу үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес жүйелі жүргізілуі тиіс–деді. Стратегияда мемлекеттік қызмет саласында жемқорлықты құрықтау, қоғамдық бақылау институттарын енгізу, жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша міндеттер жүктелген. Жемқорлық себеп-салдары, шарттарын анықтау алға қойылған. Жемқорлыққа негіз болар іс-әрекеттерді жоюға бағытталған. Стратегия түрлі саладағы жемқорлықпен күрес ісін кешенді жүргізуге негізделген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын қолдайды және оның бұдан әрі іске асырылуына дайын, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға, мемлекеттік органдарда және мемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлықтың пайда болуының алғы шарттарын азайтуға, бизнес жүргізуге әкімшілік кедергілерді жоюға, орталықта және жергілікті жерде жемқорлық жағдайына қоғамдық мониторинг жасауды күшейтуге бағытталған. Мекемелерде сыбайлас жемқорлық бойынша жұмыстар үшін әлі де күрес жүргізу қажет.

Ұлытау ауданы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы ҚР Ұлттық экономикалық министрлігі құрамында, ол үш бағыт бойынша жұмыс істейді, тұтынушылардың құқығын қорғау, тұрғындардың оңтайлы санитарлық-эпидемиологиялық ахуалын қамтамасыз ету, сондай-ақ, тұтынушыларға таратылатын өнім және қызмет көрсету бойынша техникалық регламентпен және нормативтік құжаттарда бекітілген талаптардың сақталуын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу мақсатына 2015 жылдарға жоспар жасалынып, басқарма басшысымен бекітілген, тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы бойынша жемқорлыққа күресті күшейту және сыбайлас жемқорлықпен құқықбұзушылықтың алдын алу, жол бермеу іс-шаралары атқарылуда және қатаң бақылауда.

Басқарма ғимараты фойесінде азаматтарды қабылдау кестесі, арыз-шағым ұсыныстарға арналған жәшік орнатылған және 8 (71035) 2-12-70 сенім телефоны жұмыс істейді, бұл іс-шаралар азаматтардың сенімін бекіту, қызметтің айқындығын, лауазымдық өкілеттілігін асыра пайдалану фактісі және басқарманың лауазымдық тұлғаларының, мемлекеттік қызмет туралы заңнама нормаларын бұзу азаматтардың құқықтарын бұзу, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар немесе қылмыстар жасау фактілері жөнінде халықтың уақытында өтініш жасау мүмкіндігін арттыру мақсатында арналған, азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі де мемлекеттік және ресми тілде жүргізіледі және арнайы журналға тіркеліп, міндетті түрде бақылауға алынады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ, қоғам дамуына жаңа жол таңдап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығу міндет. Сыбайлас жемқорлықпен күреске Ұлытау аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы мамандары өз үлестерін қосуда.

А.ӘБДІҒАЛИЕВ,
Ұлытау аудандық тұтынушылардың
құқықтарын қорғау басқармасы заңгері.



ОПРЕДЕЛЕНЫ СТРАТЕГИЧЕСКИЕ ПРИОРИТЕТЫ ЕНПФ

ЕНПФ – это социально ответственная организация, соблюдающая принципы подотчетности, прозрачности, этичного поведения, уважения интересов заинтересованных сторон, соблюдения главенства закона, соблюдения прав человека, участниками которой является все работающее население страны.

20 ноября 2014 года Советом директоров ЕНПФ была утверждена Корпоративная стратегия развития ЕНПФ на 2015-2019 годы. В рамках утвержденной стратегии определены основные цели и задачи Фонда на ближайшие пять лет. В приоритете – повышение качества оказываемых услуг до уровня международных стандартов за счет развития персональной системы обслуживания вкладчиков (получателей) и дальнейшего расширения линейки электронных услуг фонда, а также повышение финансовой грамотности населения.

По состоянию на 1 января текущего года количество индивидуальных пенсионных счетов (ИПС) вкладчиков (получателей) ЕНПФ по всем видам договоров составило 9 959 267 единиц. Общая сумма пенсионных накоплений превысила 4,5 трлн. тенге. Инвестиционный доход, полученный ЕНПФ в 2014 году и распределенный на ИПС вкладчиков (получателей) составил 183,96 млрд. тенге. Всего за 2014 год пенсионные накопления казахстанцев приросли на 784,4 млрд. тенге, в том числе общая сумма инвестиционного дохода по накопительной пенсионной системе (НПС), распределенного на ИПС вкладчиков (получателей), составила 234,4 млрд. тенге. За 2014 год доходность пенсионных активов ЕНПФ составила 6,31% в годовом выражении, что значительно превышает доходность по НПС в 2013 году, которая составляла в годовом выражении 2,2%.

За 12 месяцев 2014 года сумма пенсионных выплат из ЕНПФ составила 93,04 млрд. тенге, в том числе сумма переводов в страховые организации – 13,6 млрд. тенге. Продолжается работа по заключению договоров по обязательным профессиональным пенсионным взносам (ОПВ). За год для этой категории получателей открыто 348 889 ИПС. Общая сумма пенсионных накоплений по данным ИПС составила 26,3 млрд. тенге.

Региональная сеть

На сегодняшний день наиболее распространенным способом получения услуг остается непосредственное обращение вкладчиков (получателей) в региональные подразделения накопительного пенсионного фонда. Количество офисов ЕНПФ в регионах основано на результатах проведенных исследований. Экономическая плотность регионов Республики Казахстан отличается высокой степенью дифференциации, что отражается на размещении офисов обслуживания в территориальном разрезе. ЕНПФ постоянно производит анализ работы действующих офисов обслуживания, анализирует исторические данные по количеству обращений вкладчиков (получателей), а также составляет прогнозы по нагрузке на офисы, постоянно работая над тем, чтобы количество точек обслуживания ЕНПФ было оптимальным и способным обе-

спечить надлежащий сервис.

На 1 января 2015 года региональная сеть ЕНПФ представлена 240 офисами обслуживания. В региональную структуру Фонда входят 18 филиалов – по одному в каждом областном центре, городах республиканского значения (Алматы и Астана), а также в крупных городах областного подчинения (Жезказган и Семей). При филиалах открыто 23 отделения и 199 центров персонального обслуживания.

В 2014 году в офисы ЕНПФ за получением информации по вопросам пенсионного обеспечения в ЕНПФ обратились более 3 миллионов человек. В 2015 году планируется открытие еще 6 офисов обслуживания в городах Алматы, Астана, Караганда и Павлодар.

Информирование вкладчиков

В рамках исполнения Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в РК» в начале текущего года ЕНПФ приступил к проведению кампании по обязательному ежегодному информированию вкладчиков (получателей) о состоянии пенсионных накоплений по итогам 2014 года. Информация о состоянии ИПС будет предоставлена тем способом, который вкладчик (получатель) определил самостоятельно при заключении договора о пенсионном обеспечении, подписании заявления об открытии индивидуального пенсионного счета или соглашения об изменении/определении способа информирования.

По состоянию на 01 января 2015 года информированию о состоянии пенсионных накоплений подлежат: *при личном обращении – порядка 3 миллионов человек; по электронной почте – порядка 300 тысяч человек; посредством интернет-связи – порядка 400 тысяч человек; по почте – более 3 миллионов человек; при личном обращении в ЦОН – порядка 150 тысяч человек.*

ЕНПФ онлайн

Благодаря доступности и экономичности наиболее перспективным направлением для реализации услуг является интернет. Для вкладчиков это наиболее удобный способ взаимодействия с фондом. Он позволяет существенно экономить время и получать информацию о работе ЕНПФ и состоянии своего пенсионного счета 24 часа в сутки семь дней в неделю через сайт фонда www.enpf.kz или мобильный телефон. Мобильные приложения ENPF для смартфонов и планшетов, функционирующие на операционных системах Android и iOS (iPhone, iPad) и Windows Phone, разработаны собственными силами специалистов ЕНПФ и пользуются большой популярностью. С момента запуска мобильного приложения до 1 января 2015 года было произведено свыше 27 000 скачиваний. *Воспользоваться данным приложением могут вкладчики (получатели), выбравшие способ получения информации о состоянии своего ИПС через интернет. Для авторизации используются те же логины и пароли, с помощью которых вкладчик входит на сайт АО «ЕНПФ». Для выбора способа информирования через интернет надо один раз посетить любое отделение*

фонда и заключить соглашение об изменении/определении способа информирования. Сделать это нужно лично, поскольку должна быть сохранена конфиденциальность информации о пенсионных накоплениях.

О новых услугах ЕНПФ

В 2014 году в целях обеспечения доступности услуг ЕНПФ через портал электронного правительства e-Gov и ЦОН-ы Фондом был согласован в государственных органах и вынесен на утверждение в Правительство Республики Казахстан вопрос включения услуги по информированию о состоянии пенсионных накоплений (с учетом инвестиционного дохода) вкладчика / получателя АО «ЕНПФ» в Реестр государственных услуг. Услуга ЕНПФ по информированию будет доступна на портале e-Gov и в ЦОН-ах. В мае 2014 г. был подготовлен пакет документов для начала процесса аттестации информационных систем ЕНПФ уполномоченной организацией на соответствие требованиям информационной безопасности и принятием на территории Республики Казахстан стандартам ИСО/МЭК 27001:2005 (СТ РК ИСО/МЭК 27001:2008), дающей право на подключение информационной системы фонда к порталу электронного правительства Республики Казахстан (e-Gov). По результатам проверки Агентством Республики Казахстан по связи и информатизации Фонду был выдан Аттестат №105.2014.066 о соответствии информационных систем АО «ЕНПФ» требованиям информационной безопасности и принятым на территории Республики Казахстан стандартам. Это подтвердило, что информационная система фонда соответствует международным требованиям, предъявляемым к информационным системам в области информационной безопасности. В настоящее время работы по включению данной услуги в Реестр государственных услуг находятся на завершающей стадии.

Социальные сети

Открыты официальные страницы АО «ЕНПФ» в крупных социальных сетях, таких как Facebook, Twitter, Вконтакте и МойМир. Суммарное количество подписчиков фонда в соцсетях – более 4 тысяч пользователей. Ежедневно страницы ЕНПФ в среднем просматривают до 1500 человек.

В соответствии с пенсионным законодательством, АО «ЕНПФ» привлекает обязательные, обязательные профессиональные и добровольные пенсионные взносы; осуществляет выплаты пенсионных накоплений и учет пенсионных активов и инвестиционного портфеля. ЕНПФ является правопреемником по всем существующим договорам о пенсионном обеспечении и аккумулирует все пенсионные активы, которые ранее были распределены между частными накопительными пенсионными фондами. Доверительное управление пенсионными активами, согласно закону Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан», осуществляется Национальным Банком РК.

АРДАҒЕРЛЕР ҚҰРМЕТІНЕ АРНАЛУДА

Иә, Кеңес дәуіріндегі Ауған соғысы азаматтарын аттандырған әр жанұяға өкінішті ізбен-сыз қалдырғаны жасырын емес. Бүгінде сол кездегі Кеңес әскерінің Ауған жерінен шыққанына 26 жыл. Бүгінде осы сұрапыл соғыстың бел ортасында болған аға буыннан ауданымызда Қуаныш Ботаев, Серік Наурызбаев, Бәдір Біркенев, Мешітбай Бектұрсынов секілді азаматтарымыз бар. Ауған соғысы туралы сұхбат беруге зауқы жоқ бұл жандардың айтатыны бір ғана сөз: елімізде бейбітшілік қана болсын, гүлденген мемлекетіміз гүлденген үстіне гүлдене берсін- дейді.

Бүгінде осы айтулы күнге байланысты ауданымыздың барлық мектептерінде әскери-патриоттық ойындар өткізіліп, аудан кітапханаларында көрмелер ұйымдастырылып жатыр. Аманкелді елді мекенінде Манарбек Сансызбай, Ғибадат Құттыбаевтардың ерліктерін паш ететін спорт түрлерінен турнирлер өткізуге байланысты әзірлік жұмыстары басталып та кетті. Ал, №1 Ұлытау орта мектебі, осы мектеп түлегі Ауған соғысы ардагері Серік Наурызбаевпен кездесу өткізіп те үлгерді.

Осындай шаралар, құрмет ауданымыздың барлық елді мекендерінде жалғасын табауда.

Өз тілшіміз.

Маман кеңесі

ҚЫЗЫЛШАҒА ҚАРСЫ ЕГІЛУ БАСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы, Ұлттық экономикалық министрлігі, Тұтынушылардың құқықтарын қорғау Комитеті, Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы бойынша басқармасы Қарағанды облысы территориясында 2015 жылдың ақпан айының 16 мен 28 жұлдызы аралығында 15 пен 19 жас аралығындағы адамдарға қызылша ауруына қарсы жаппай «Қосымша егу жұмыстарын» өткізу туралы хабарлайды.

Бұл егу жұмыстары аудан бойынша барлық 15 елді мекеннің егіп-емдеу мекемелерінде жүргізілетін болады. Бүгінгі аудан бойынша 15 пен 19 жас аралығында 257 адам егілуге жоспарланып отыр.

2012 жылы Республика бойынша қызылша ауруының жоғарылауы байқалды немесе 400-ден астам адам ауырды, ал оның ішінде 2014 жылы Ұлытау ауданында 2 адам осы қызылша ауруына шалдықты. Негізінен қызылша ауруымен ауырған адамдардың ішінде басым көпшілігі 15 пен 19 жас аралығындағы адамдар үлесіне тиесілі.

Жұқпалы қызылша ауруынан қорғандық ең тиімді тәсілі профилактикалық егу жұмыстары болып табылады.

Қызылша – жедел жұқпалы вирусты аурулар тобына жатады, аурудың негізгі белгілеріне

дене қызуының жоғары көтерілуі, бөртпелердің пайда болуы, кейде жөтел, бастың ауырсынуы пайда болады. Ауруға шалдыққан адамдармен қарым-қатынаста болғандардың ауруды қабылдағыштығы өте жоғары, оның ішінде қызылшаға қарсы егілмеген адамдар. Қызылша ауруынан кейінгі асқынулардан отит, пневмония, энцефалит аурулары дамуы мүмкін. Науқас адамнан сау адамға вирус сөйлескенде, жөтелгенде ауа-тамшылы жол арқылы беріледі. Қызылша ауруына шалдыққан науқас айналасындағы сау адамдарға алғашқы денеге бөртпе шыққанға дейінгі 4 күнге дейін ауру жұқтырып алу қаупі жоғары, клиникалық ауру белгілері организмде 7-18 күннен кейін білінеді, яғни әр адамның қорғаныштық қызметіне байланысты.

Баршамыз қызылша ауруына қарсы жаппай «Қосымша егу жұмыстарын» өткізу жұмыстарына белсене араласайық!

Е. ТАНАБАЕВ,
Ұлытау аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының сан-эпид бөлім басшысы.

ЕСКЕ АЛУ

Ұлытау селосының тұрғыны, аяулы ана, ардақты әже **Толқыш Әбсалыққызының** (руы Түктібай) 83 жасында бұл дүниеден озғанына бір жыл толғалы отыр. Көзі тірісінде ағайын-туысқа, замандастарына сыйлы болған асыл анамызды сағына еске аламыз. Оның жарқын бейнесі жүрек төрінде мәңгі сақталады!

Анамыздың жатқан жері жарық, топырағы мамық, иманы жолдас болсын дейміз.

Еске алушы қызы Ақманаш және балалары.



Аудан әкімдігі, аудандық мәслихат аппараттары аудан әкімінің орынбасары Берік Ақышбековке бауыры **Ақышбеков Еркін Мәлікұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Аудандық «Ұлытау өңірі» газеті ұжымы аудан әкімінің орынбасары Берік Ақышбековке бауыры **Ақышбеков Еркін Мәлікұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Сенім телефоны жұмыс істейді

«Ұлытау ауданы әкімінің аппараты» ММ-сі аудан тұрғындарына, аталған мекеме қызметкерлері тарапынан ҚР «Сыбайлас-жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының баптарын бұзу, Мемлекеттік қызмет этикасын сақтамау, Ар-намыс кодексі талаптарын орындамау фактілері орын алған жағдайда, мекемеде **2-14-82 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.**

Сенім телефоны жұмыс істейді

«Ұлытау аудандық мәслихат аппараты» ММ-сі аудан тұрғындарына, аталған бөлім қызметкерлері тарапынан ҚР Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы №1567 Жарлығымен бекітілген ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің «Ар-намыс» кодексі (Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы ережелері) тарапынан орындамау, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының баптарын бұзу фактілері орын алған жағдайда, **2-13-77 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.**

9 ақпан — Мұқағали Мақатаевтың туған күні

МҰЗБАЛАҚ МҰҚАҒАЛИ АҚЫН ҰЛЫҚТАЛДЫ



1931 жылдың ақпанында Қарасаздағы Сүлеймен отбасының қос бөлмелі қараша үйінің тыныштығын дүниеге жаңа келген сәбидің шырылы бұзды. Бұл — қазақтың күпі киген қара өлеңінің мұзбалағы, алпауыт ақын Мұқағали Мақатаев болатын...

Қамшының сабындай қысқа өмірінің ащысы мен тәттісін қатар көрген тік мінезді ақиық ақын кейінгі ұрпаққа көптеген өлеңдерін, аудармалары мен еңбектерін мұра етіп тастап

өтеп жүрген студент Ұызбаева Айдананың ұйымдастыруымен өткен «Қазақ поэзиясының Хан тәңірі» атты кештің мақсаты қазақ поэзиясында орыны ерекше Мұқағали ақынның өлеңдерін мектеп оқушыларының арасында кеңінен насихаттау болып табылады. Сахнаның шымылдығын ақын туралы қысқаша деректермен ашып берген жүргізушілер (М.Сайлау, Д.Базыл) ізімен ақынның сөзіне жазылған «Арман-ай» әнін 10-сынып оқушылары Нұрбек пен Дінмұхамед әдемі орындай білді. Ақын ағаларының өлеңдерін тақылдатып айтып шыққан 5-6 сынып ұл-қыздары да қошеметке лайық болды.



сүйемелдеу жасалынды. 5-сынып оқушылары «Бақыт деген» әнін орындаса, 6 «а» сыныбының қыздары «Аққу» биін мың бұрала биледі.

10-сынып оқушылары М.Бекентай, Н.Байшат, Ә.Батырбекова және Г.Төребай ақынның «Шәмілге хат» өлеңін кезектесе оқығанда қара өлеңді сүйетін жаны қазақ көрермендер ұйып тыңдай қалды. Кеш 8-сынып оқушылары қос Баубектің (Баубек Болат және Баубек Байшат) «Қос қарлығаш» әнімен тәмамдалды.

Ақын Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаевтың тәні қара жерге табысталса да, оның қара өлеңі тірі! Сондықтан болар Мұқаң әрбір қазақтың жүрегінде мәңгілікке қала бермек!

Думан ӘДЕН,
№1 Ұлытау орта мектебінің
мектеп психологы.



кеткені бәрімізге аян. Ақынның туған күнін мерекелік кеш етіп атап өту жалпы білім беретін әрбір мектептің дәстүріне айналғандай...

Ақпанның 10-шы жұлдызында №1 Ұлытау орта мектебінің акт залында оқу-педагогикалық практикасын

Мұқағалидың «Өмір сүрейік алмасып» (Ә.Бөрібай), «Ғашықпын» (Ә.Дәкен), «Поэзия» (Ф.Ақышева), «Халыққа хат» (Т.Өтеш) өлеңдерін нақышына келтіре мәнерлеп орындаған оқушыларға музыкалық және бейнероликтермен

БҮГІН МЕНІҢ ТУҒАН КҮНІМ...

9 ақпан күні еліміздің көптеген мектептері мен өнер ошақтары ақиық ақын М.Мақатаевтың туған күнін атап өтті.

Бүгін менің туған күнім, ой, пәлі-ай! Мына адамдар неге жатыр тойламай? Банкет жасап берер едім өзім-ақ, Тәңірімнің жарытпай-ақ қойғаны-ай! — деп болашаққа арыз жазып кеткен Мұқағалидың туғанына биыл 84 жыл толды. Бақыт іздеп, өмірдің базарынан жылап қайтқан ақынның туған күніне арнап кеш думан өткізбей жатқан қазақ жоқ шығар.

№11 Қоскөл орта мектебін-

де 9-ақпан күні Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай, «Жас ұлан» ұйымының ұйымдастыруымен «Бүгін менің туған күнім» атты мерекелік концерт өтті. Концертіміз екі бөлімнен тұрды. I-бөлім ақынның өмірі туралы бейнеролик және әдеби-монтаж түрінде өтті. Бұл бөлімде төменгі сынып оқушылары ақынның өлеңдерін оқыды. 2-бөлімде ақынның әндері орындалды. «Жас ұлан» ұйымының көшбасшысы Арай Өмірзақова «Есіңе мені алғайсың» әнін орындаса, 7-сынып оқушысы Мөлдір Түркебаева «Сәби

болғым келеді» әнін шырқады. Мектеп басшысы Абдиманат Саматұлы Бралинге сөз берілді. Оқушыларға жылы лебізін білдіріп, ризашылығын жеткізді. Алдағы уақытта көптеген ақындарымыздың еске алу концерттерін ұйымдастырып отырамыз. Концерттің соңында «Сарыжайлау» әнін «Жас ұлан» ұйымының оқушылары хормен орындады. Осындай атаулы күндер мектебімізде жалғасын таба бермек.

Айбота ЖӘМЕКЕЕВА,
№11 Қоскөл орта
мектебінің тәлімгері.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Елеуова Алтынай ТӨРЕБЕКҚЫЗЫ!

Құтты болсын мерейтой 50 жасың,
Әр уақытта домалап өрге тасың.
Тілейміз зор денсаулық, бақытты өмір, ашық аспан,
Жалғанда тілек бар ма, одан асқан.

Аман боп туған-туыс, бауырларың,
Жалғансын ақ таңдарың нұрын шашқан.
Кең пейілді ақ жүрек, адал жансың,
Ардақты бауыр, сүйікті апа атанғансың.

Туған күнмен әріптестер құттықтайды,
Еңбегіңізді Сіздің ешқашан ұмытпайды.
Талай асуларды табандылықпен бағындыра бер,
Нелер қиындықтарды қажырмен жеңе біл.

«Елу — тал түс» демей ме, ендеше алдағы өмірде денсаулығың күйлі қуатты, ғұмырың ұзағынан, көрер қуаныштың молынан болсын, дейміз.

Ізгі тілекпен: әріптестері Гүлзағира, Лиза, Алия, Нұржамал, Гүлсінай, Шұға, Самал, Алтынқұл, Айгерім, Гүлбақыт, Ақмарал.

Грекия халықаралық несие берушілермен келісс алмады



Грекия мен еуроны қолданатын 19 елдегі несие берушілер арасындағы келіссөз нәтижесіз аяқталды. Брюссельде төтенше кездесу өткізген тараптар тіпті ешқандай мәлімдеме жасамастан тарқасты.

Грекияның жаңа солшыл радикалдық үкіметі елдің 240 миллиард еуроны құрайтын сыртқы қарызына қатысты шарттарды қайта қарағысы келеді. Үкімет Грекияның экономикалық қиындықтарға халықаралық несие берушілер талабына сай енгізілген қатаң экономикалық саясаттан көреді. Бірақ Еуропа Одағы (ЕО) шенеуніктері Грекияның шарттарды қайта қарау ұсынысынан бас тартып келеді.

Еуро қолданатын елдер қаржы министрлері ақпанның 16-сында Грекия қаржы министрі Янис Варуфакиспен қайта кездеседі. Варуфакис сол кезде келіссөзде алға ілгерілеушілік болады деген үмітте екенін білдірді.

Еуропа қаржы министрлері тобының басшысы Джероен Дисселблум кездесуде «тіпті Грекия ұсынысының егжей-тегжейлі қаралмағанын» айтып, ол үшін біраз уақыт қажетін білдірген.

azattyq.org

Сирия мен Ирактағы лаңкестер қатарында 20 мың шетелдік бар

Ирак пен Сирия аумағында соғыс жүргізіп жатқан «Ислам мемлекеті» лаңкестік ұйымының сапында 20 мыңдай шетелдік азамат бар деп хабарлайды Associated Press АҚШ Конгресс өкілдерінің ұлттық қауіпсіздік палатасы жөніндегі комитетке сілтеме жасап. Олардың 3,4 мыңы Батыс елдерінен қосылған содырлар көрінеді.

Аталған ұйым мәліметтері бойынша, АҚШ тарапынан «Ислам мемлекетінің» қатарына 150-дей азамат өтпек болған. Олардың жартысы барар жолда кері қайтарылса, қалғандары соғыс даласында көз жұмған. АҚШ Ұлттық антитеррорлық орталығының басшысы Ник Расмуссеннің айтуынша, Ирак пен Сирияда соғысып жүрген шетелдіктер әлемнің 90 елінен келген көрінеді. Олардың саны Ауғанстан мен Пәкістанда, Йемен мен Сомалиде соғысып жүрген шетелдіктердің санынан әлдеқайда көп — дейді ол.

Ең басты қауіп - сол шетелдік лаңкестердің өз отандарына оралуы. Олар елге келіп, бүлікшіл әрекеттерін бейбіт халықтың арасында жалғастыратын болады дейді АҚШ сарапшылары.



baq.kz



**Директор -
Бас редактор
Елтынды ДҮЙСЕНБАЕВ**

Ауқандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС)

ГАЗЕТТІҢ ҚҰРЫЛТАУШЫСЫ: «Ұлытау ауданының әкімдігі»

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген №2199-Г куәлігі берілген. Астана қаласы. 07.08.2001ж.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау өңірі» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Ермеков көшесі, 33 үй.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
инд: 101500
Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы,
Абай көшесі, 23- үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта:
ulytau-oniri@mail.ru

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы - 1520 дана
Көлемі - 3 баспатабақ
Тапсырыс - 7